

KUN TARTIBI

ОБЛЫСТА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР
БАЙҚАЛАДЫ

2-бет

AINA

БИКТЕРДІ
БАҒЫНДЫРДЫҚ

3-бет

KELBET

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ
70 ЖЫЛДЫҒЫНА 70 ИГІС

4-бет

QOĞAM

ҚАУІПСІЗДІКТІ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
ЖОЛЫНДА

5-бет

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

*Құриетті
жерлестер,
қала
қонақтары!*

2016 жылдан бері біздің елімізде Алғыс айту күні белгіленді. Баршаңызды осы тамаша мерекемен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл айтулы күн бұдан әрі де өзінің лайықты жалғасын тауып, өміршеңдігін көрсетеді деп білеміз. Өйткені ол адамгершілік құндылықтарына негізделген және қазақстандықтар оны толықтай қолдайды.

Еліміздегі бейбітшілік пен келісім – отандастарымыздың жоғары мәдениеті мен даналығының, қоғамдық келісім мен елділікпен бірігіп саласындағы сындарлы және көреген саясаттың нәтижесі. Қазақстан – әр ұлттың басын қосқан газған мемлекет. Біздің азаматтарымыз бір-бірінің қадірін жақсы ұғынады және айтар алғыстарының риясыз ақ көңілден шығары сөзсіз.

Азаматтарымыздың арасындағы түсіністіктік, жанашырлық ізгі қасиеттер адамзат баласына үлкен ауыр-тпалық әкелген пандемия кезеңінде айқын көрініс тапты. Біз осындай қиын-қыстау уақытта айрықша табандылық пен зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеткен дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскерилерге, еріктілерге, қасіпкерлерге және басқа да қайырымдылық танытқан азаматтарға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Алғыс айтудың, алғыс алудың маңызын ерекше таныған дана балаларымыздың жолына берік болып, бір-біріміздің бойымыздан тек жақсылық іздейік. Жақсылық іздеген жақсылыққа жолығады. Барымызды бағалайық. Алғыс айтайық.

*Мереке
құтты болсын!*

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ
Қалалық мәслихат хатшысы Советбек МЕДЕБАЕВ



1941 жылғы 28 тамыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесі алқасының «Еділ бойында тұратын немістердің қоныстарын аудару» туралы жарлықта: «Мыңдаған лаңкестер мен тыңшылар бар, олар Германиядан келетін хабар бойынша жарылыстар ұйымдастыруды көздейді, яғни КСРО-ға қарсы бағытталған әрекет жасауда» деп көрсетілген екен. Осы жарлық негізінде Еділ өңірі мен Поволжья аудандарын жайлаған 1 млн 120 мың неміс сол жылдың күзінде күштеп көшіріліп, «сенсіз халықтар» қоныстанған арнайы аудандарға орналастырылды.

Туған жері Саратов облысынан Сібірге көшірілгендердің қатарында Николай Ауэрдің де отбасы бар. Бүгінде зұлмат жылдарды қорқынышты түсінде көретін Николай Ивановичтің көңілі дархан даладай қазақ халқы мен жеріне айтар алғысы зор.

– Кең байтақ қазақ жерінде тумасам да, бұл – менің туған жерім. Осы жерде мен бақытымды тауып, бейбіт те, алаңсыз өмірдің дәмін тарттым, – деген кейіпкеріміз қиындығы көп өткен шаққа оралғысы келмейтінін айтты. Ерте есейген Николай Ивановичтің әкесін күштеп көшіру кезінде отбасынан бөліп, Татарстанға жіберген. Қара жұмысқа жегілген әкесі көп ұзамай аштық пен суықтан қаза болады. Отбасына түскен қиындық бұнымен тоқтамады. Олар ұзақ жылдар бойы тергеліп, есепте тұрғаны тағы бар. Анасы мен бауырларына қарайласқан Николай Ауэр мұнай құбырын салуға Жезқазған қаласына 1980 жылы жолдамалармен келген. Зейнеткерлікке шыққанға дейін мұнай құбыры басқармасында қарайлым жұмысынан басшылық қызметтерге дейін жеткен ол жары Галина Александровнамен бірге үл мен қыз тәрбиелеп өсірді.

– Жасы болса 85-ке келді. Әйелі Галинаның қайтыс болғанына үш жылдан асты. Құдай қосқан көршім болғанын қарайласып тұрамын. Екеуінің де артық сөзі жоқ. Еңбеккер, ортасында сыйлы болды. Балалары Иван мен Катя да көз алдымызда өсті. Олар – өте тәрбиелі. Оқығандықтан. Әкесі мен шешесін көшіріп алғысы келгенмен, екеуі де үзілді-кесілді бас тартқан. Қазір жанымыз ашып, «жалғыз қалдым, балалардың жанына барсаңыз қайтесіз» деп үгіттейміз. Бірақ, Николай Иванович Жезқазғанда қимайды, – деген көршісі Гүлсағат Шәменқызынан бүгінде тарихи Отанына қайтқан балалары әкесін көшіріп әкете алмай жүргенін білдік.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ – 2021

өтінімдерді қабылдау басталды



Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының төртінші кезеңінің басталғанын хабарлады. Өтінімдерді қабылдау 2021 жылдың 22 ақпанынан 15 наурызына дейін 100janaesim.ruh.kz сайтында жүзеге асады.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы – Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы. Жоба 2017 жылы Елбасы Н. Назарбаевтың бастамасымен жарық көріп, биыл да жалғасын тапты.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева: «Биылғы байқау – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында ұйымдастырылуда. Осы жылдар ішіндегі еліміздің табыстары – ел азаматтарының ерен еңбегінің жемісі. «Жақсыдан үйрен» деген халқымыз жас ұрпақты осындай адамдардан өнеге алуға тәрбиелеген».

Жобаға елде және елден тыс жерлерде тұратын қазақстандықтар қатыса алады. Қатысушылардың өтінімдері келесі 7 номинация бойынша іріктеледі: медицина, білім беру, ғылым және инновация, экология, мәдениет және спорт, бизнес, қоғам.

Қатысу үшін үміткерлер 100janaesim.ruh.kz сайтындағы сауалнаманы толтыру қажет. Жоба шарттарына сәйкес қатысушы сенімді ақпарат беруге міндеттенеді. Жалған ақпарат ұсыну, онлайн дауыс беру кезінде фальсификацияға жүгіну сынды немесе өзге де құқық бұзушылық актілері анықталса, ұйымдастырушылар қатысушыны жобадан шығарып жіберуге құқылы. Барлық өтінімдер модерациядан өтеді, кейін сайтта жарияланады. Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бұқпалықтық онлайн дауыс беру басталады. Сондай-ақ, өтінімдердің белгілі бір бөлігі танымал қоғам және мәдениет қайраткерлері, спорт, бизнес өкілдерінен тұратын қазылар алқасының қарауына ұсынылады. Оған қоса осы жылдан бастап өткен маусымдардың жеңімпаздары қазылар алқасының құрамына енеді. Дауыс беру кезінде ең көп ұпай жинаған және қазылар алқасының таңдауына ілінген қатысушылар ағымдағы жылдың сәуір айында жоба жеңімпаздары болып атанады.

Алдағы бірер айда біз Отанымыздың халық ризашылығына лайықты және Егемен еліміздің жаңа келбеті атанатын есімдермен таныс боламыз.

«Saryarqa-ақпарат»

АУЫРМАУДЫҢ ЖОЛЫ – ВАКЦИНА

Вакцина – дүниежүзі бойынша миллиондаған адамдар өмірін аман алып қалып жатқан препарат. Себебі қауіпті жұқпалы аурулардың ең озық емі – оның алдын алу, яғни вакцина болып табылады.

Вакцина ол – микроорганизмдерден (бактерия, вирус, т.б.) алынып, жұқпалы аурулардан алдын ала сақтану және олардың иммундық қасиетін арттыру үшін егілетін препараттар. Ол жұқпалы аурулардың қоздырғышының әлсіретілген түрі немесе иммунды жауап шақыратын бөлігі, басқаша айтқанда антигені болып табылады. Олар организмде иммунды жауап шақырып, кейін жұқпалы ауруларға қарсы иммунитеттің қырылуын қамтамасыз етеді. Яғни организмге жұқпалы ауру қоздырғышы екінші рет енгенде, бұрын қалыптасқан иммунитет тез арада мобилизацияланып, қоздырғышқа қарсы шабуылды бастайды. Сол себепті, клиникасында ауру симптомсыз немесе жеңіл дәрежеде өтеді.

Коронавирусты инфекция аса қауіпті жұқпалы ауру болып табылады. Бұл вирусты инфекция болғандықтан арнайы тиімді емі жоқ. Сол себепті алдын алу және жұқпалы таратылуын тоқтату үшін вакцина ойлап табылды.

Қазақстанда коронавирусты инфекцияға вакцина жүргізілуі 2021 жылдың 1 ақпан айынан басталды. Ол 3 этапта жүргізіледі. Бірінші кезекте – медицина қызметкерлері: инфекциядан аурухананың, желел жәрдемнің, реанимация және қабылдау бөлімдерінің медицина қызметкерлері. Екінші кезекте – мектеп, жоғарғы оқу орындарының қызметкерлері. Үшінші кезекте – интернат-мектептердің, мектепке дейінгі мекемелердің қызметкерлері және студенттер.

Бұл вакцина ерікті түрде келісіммен салынады. Екпе алмас бұрын дәрігердің қарауынан өтеді. Егер ешқандай қарсы көрсеткіш болмаса, егілуге рұқсат беріледі. 18 жасқа толмаған балалар мен 65 жастан асқан қарт адамдар екпеден босатылған. Сонымен қатар бұрынғы екпелерге алергиясы бар, желел инфекциядан аурумен ауырып жатқан науқас, жүкті әйелдерге қарсы көрсеткіш болып табылады.

Екпе екі дозалан аламының нығыз салынады. Алдымен 0,5 мл бірінші доза салынып, арада 19-23 күн өткенде тағы 0,5 мл салынады. Екпе салардың алдында дәрігер дене қызуын, сатурацияны, қан қысымын, жүрек соғысының, ауыз қуысын тексеруі тиіс. Егер адамның бастығы 37 градустан жоғары болса екпе салынбайды. Екпенің бір флакондында 3 мл доза болады. Бір флакон бес адамға салуға жетеді. Екпенің сырты бүлінсе қолдануға болмайды.

Екпе салынғаннан кейін тұрғын дәрігер қарауында 30 мин отырады. Вакцина алғашқы 3 күнде реакция беруі мүмкін. ЖРВИ симптомдары мен жеңіл жергілікті симптомдармен көрініс беріледі.

Халқымызда «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қанатты сөз бар. Қандай да бір індетке шалдығып, дәрігерден дәрігер жағалап, түрлі дәрі ішкеннен гөрі сақтанған әлдеқайда тиімді екенін біреміз білеміз. Ендеше, бүгінгі таңда нақты емі табылғаннан қорықпайтын сақтанудың бірден-бір жолы екпе салдыру екенін ақылмен түсініп, өз денсаулығыңыз үшін екпе салдыру қажет.

Гүлдана ТӨКЕНОВА,
«Жүрек» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының фельдшері

ТҮРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ ТҮРҒЫНДАРҒА

ЖОЛДАУЫ 2020

166 пәтер беріледі

Бүгінде Жезқазған қаласында тұрғын үй алу тізімінде 2450 азамат тұр. Олардың 988-і халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына жататын азаматтар, 577-і жетім немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 498-і мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар, 124-і жалғыз тұрғынжайы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен авариялық жағдайда деп танылғандар, 18-і Ұлы Отан соғысының ардагерлері немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер болса, 236-ы – «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көпбалалы аналар. Аталған санаттағы қала тұрғындарын баспанамен қамту мақсатында бүгінде елімізде түрлі қолдау тетіктері бар.

Тұрғын үй кезегіне тіркелгендер патерді жалға не бірлеске несиеге ала алады. Жалға берілетін патерлер

азаматтардың жеке меншігіне өтпейді. Бірақ, жалдау құны нарықтағы бағалардан едәуір арзан. Жергілікті әкімдіктің құзырындағы патерге 10-15 мың төлеп тұру арқылы азаматтар өз пәтеріне қаржы жинау мүмкіндігіне ие. Ал, басыбайлы баспанаға қол жеткізгі келген тұрақты табысы барлар несиелік шартты таңдайды. Несие рәсімдеу «Отбасы банкі» арқылы жүзеге асырылатындықтан мұнда да азаматтарға қолайлы жағдай жасау қарастырылған. Кезекте тұрғандарға «Шаңырақ» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде патер құнының 10 пайызын жинау арқылы 5 пайыз мөлшерлеменен 20 жылға дейін несие беріледі. Биыл «Шаңырақтың» шарапатын Жезқазған қаласында 78 отбасы көрмек. Келер жылы несиеге берілетін тұрғын үйлердің саны үшеуге артапак. Бұл Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауының «Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – басты басымдық» деп аталған төртінші бағыты аясында мүмкін болып отыр.

Бұл жөнінде Жезқазған қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова:

– Мемлекет басшысы өз Жол-

дауында «Кезекте тұрған адамдардың баспана мәселесін тезірек шешу керек» деген нақты тапсырма жүктеді. 2021 жылдың соңына дейін Жезқазған қаласында 25,6 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарланған. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 4,5 мың шаршы метрге артық. Пайдалануға берілетін 166 пәтер мемлекет бюджеті есебінен салынса, 100 пәтер коммерциялық тұрғын үйлерге тиесілі, қалған 72-сі жеке тұрғын үй секторындағы үйлер, – дейді.

Бас құрылысының айтуынша, биыл 5,2 мың шаршы метр тұрғын үй «Отбасы банкі» арқылы несиеге беріледі. Олар Алашахан даңғылы 34 «К» мекенжайында бой көтерген 60 пәтерлі және Байқоңыров көшесі 28 «А» мекенжайындағы 18 пәтерлі көпқабатты үйлер. Одан бөлек, 2021 жылы Алашахан даңғылында құрылысы аяқталатын тағы екі үйдің 88 патері кезекте тұрғандарға жалға беру тәртібімен үлестіріледі. Бұл дегеніміз 2021 жылы барлығы 166 отбасы қоныс тойын тойлайды деген сөз.

Диана ОРАЗАЛИНА

SARYARQA-AҚПАРАТ

ҚАТЕ ЖАЗЫЛАТЫН БАННЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында көшедегі баннерлерді қатесіз жазуға қатысты заң жобасы қабылданды.

Заң «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталады.

- Заң жобасының негізгі бағыттары: 1. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу; 2. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің тентүпнұсқалы аудармасын (аутентичность) сақтап отырып жазу; 3. «Мәтіннің тентүпнұсқалы аудармасы» деген ұғым енгізу.

Көрнекі ақпарат құралдары (баннерлер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, баға көрсеткіштері және т.б.) елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін маңызды құралдар болып саналады. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу талабы қазақ тіліндегі мәтіндердің сапасыз жазылуына, орфографиялық қателерге жол бермеуге бағытталған. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің тентүпнұсқалы аудармасын сақтап отырып жазу талабы қоғамда екі тілде (қазақ және орыс тілдеріндегі) берілген мәтіндердің мағыналық, мазмұндық жағынан сәйкес келмеуі фактілерін жоюға бағытталып отыр, – деді Мәдениет және спорт министрі Ақтөте Райымқұлова.

Министрдің айтуынша, көрнекі ақпаратты ашық кеңістікте және ғимараттар ішінде заңнама белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдармен қатар кез келген кәсіпкерлік субъектілері жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік субъектілері көрнекі ақпаратты өз өнімі мен қызметін ілгерілету құралы ретінде пайдаланады.

Мемлекеттік органдарға азаматтардан көрнекі ақпаратты орналастыру кезінде тіл туралы заңнама талаптарының бұзылуына байланысты шағымдар көптеп түсіп жатыр. Осы орайда мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпараттың болмауын азаматтар ҚР конституциясының 14-бабында бекітілген өз құқықтарына қысым жасау деп санайды, – дейді ол.

Көрнекі ақпаратқа қатысты заң бұзушылықтар бойынша мемлекеттік органдарға 2018 жылы – 12886 өтініш, 2019 жылы 12 900 өтініш келіп түскен. 2020 жылы көрнекі ақпараттар бойынша жедел желіге (call center) келіп түскен шағымдар саны – 3442-ні құраған.

Аталған проблемаларды шешу мақсатында заң жобасы аясында Қазақстан Республикасының 13 заңнамалық актісіне түзетулер енгізу көзделіп отыр.

- Күтілетін нәтиже: – мемлекеттік тілдің көрнекі ақпаратта міндетті түрде қолданылуын қамтамасыз ету; – деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазуды қамтамасыз ету; – мәтіндердің екі тілде тентүпнұсқалылығын сақтап жазуды қамтамасыз ету.

ӘЛИХАН ОҚУЛАРЫ ӨТЕДІ

Мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығына орай білім беру мекемелерінің педагогтері мен оқышылары және студенттер арасында республикалық Әлихан оқулары өтеді.

Әлихан оқуларын Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» КММ мен «Bilim-orkenib» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы өткізеді.

Әлихан оқуларының мақсаты педагогтер мен оқышылар және студенттер арасында Алаш көсемі, мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейханның тарихи ерліктерін насихаттау, оқышылардың шығармашылық қабілетін арттыру, патриоттық сезімін ояту, тәуелсіздік жолында қызмет еткен тарихи тұлғаларға деген құрметті күшейту, Әлихан Бөкейханның еңбектерін зерттеп, терең меңгеруге қызығушылығын ояту.

Екі кезеңнен, төрт бағыттан тұратын Әлихан оқуларының республикалық кезеңі 17 наурызда Нұр-Сұлтан қаласында өтеді.

ҚАЗАҚСТАНДА ЕҢ ТӨМЕНГІ КЕПЛДЕНДІРІЛГЕН ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ КӨТЕРУ ЖОСПАРЛАНҒАН

Қазақстанда ең төменгі кепілдендірілген зейнетақыны көтеру жоспарланған. Бұл туралы Мәжіліс депутаттарының сауалына ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің жауабында айтылған.

– Ынтымақты зейнетақы жыл сайын индексацияланатын төлем саналады. Ол инфляцияның 2 пайызынан асып түсетін деңгейде кепілдендірілген. Шынайы тұтынушылық баға мен жалақының өсім индексі өткен кезеңнің іс жүзіндегі мәліметтері негізінде қалыптасады. Сондықтан ынтымақтасты зейнетақыны арттыру барысында тиісті қаржы жылындағы инфляция есебіне алынады. Осыған орай, шынайы тұтынушылық баға өсімі, сонымен қатар жалақы өсімі индексі, яғни өткен кезең көрсеткіштерін есебіне ала отырып, зейнетақыны жыл сайын индексациялау мәселесін қарастыру мақсатқа сай емес, – деді Асқар Мамин.

Үкімет башысының айтуынша, қазіргі уақытта зейнеткерлердің материалдық жағдайын арттыру мақсатында зейнетақымен қамсыздандыруды ең алдымен, базалық зейнетақыны ең төменгі кепілдендірілген зейнетақыға ауыстыру жолымен жаңғырту жұмысы жүргізіліп жатыр.

– Ең төменгі кепілдендірілген зейнетақыны тағайындау тетігі базалық зейнетақы тағайындаудың қолданыстағы әдістемесіне негізделетіндігі көзделеді. Бірақ, белгілі бір параметрлері жетілдіріледі. Бұл шара ең төменгі мөлшерді ең төменгі күнкөрісті 54-тен 70 пайызға дейін арттыруды, сонымен қатар мөлшердің ең төменгі шектеуін алып тастауды қарастырады, – деді Үкімет башысы.

Сонымен қатар Премьер-Министр зейнетақы жүйесін жаңғыртудың тағы бір маңызды бағыты 2023 жылдан бастап жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жинағын енгізу екендігін айтады.

– Жоспарланған шаралар елдегі және әлемдегі қалыптасқан экономикалық ахуалды, әлеуметтік және демографиялық факторларды, сонымен қатар Мемлекет башысының зейнетақы жүйесін жаңғыртуда қатысты берген бірқатар тапсырмасын толық көлемде ескерді, – деді Асқар Мамин.



Карантин шектеулеріне байланысты онлайн форматта өткен кездесуде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы кеңінен баяндалып, алдағы міндеттер айқындалды. Қарағанды облысында биыл 3 мыңнан астам әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасы пәтер алады. Сондай-ақ, 14 жаңа кәсіпорын ашылады. Биыл кәсіпкерлікті қолдауды қаржыландыру да 2,5 есеге артып отыр.

– Өңірде 36 мың адам үй кезегінде тұрса, әлеуметтік баспамен 2,5 отбасы жаңа пәтерге ие болған. Ал, биыл жалдамалы несиелік тұрғын үймен 3000 отбасыға жағдай жасау көзделсе, 600 көпбалалы аналардың да үй мәселесі шешімін таппақ. Сондай-ақ, былтыр 60 елді-мекенді

ОБЛЫСТА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАЙҚАЛАДЫ

Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек 2020 жылды қорытындылап, халық алдында есеп берді.

қамтитын 1200 шақырым жолдың жөнделуі автомагистральдің жақсаруына жол ашқан. Өткен жылғы есеп беру кездесуінде уәде еткенімдей, биылдан бастап 1-2 сыныптардың барлық оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Алдағы оқу жылынан бастап 3-ші және 4-ші сыныптардың оқушыларын да қамту жоспарға енгізілді, – деген облыс басшысы 2020 жылы Жезқазған, Сәтбаев және Ұлытау өңірлеріндегі жол инфрақұрылымы жақсартылып, 230 шақырымға жөндеу жүргізілгенін, мысты өлкеде инфекциялық орталық ашылып, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде білім беру және мәдениет нысандары жөнделіп, Теректі стансасында 80 орындық жаңа мектептің, Жошы хан тарихи-мәдени кешенінің, 300 орынға шакталған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы басталғанын жеткізді.

Сонымен бірге Жезқазған қаласындағы өзекті мәселелерді шешу алдағы күндердің еншісінде екенін атап өтті.

– Былтыр Жезқазған аймағын сапалы сумен қамтамасыз ету міндеті алға қойылды. Кеңгір су қоймасынан резервті суағар салынды. Биыл жұмыс көлемінің үштен екі бөлігі біткен Есқұла су көзін қайта құру жұмысы аяқталады, – деген Жеңіс Қасымбек «Қауіпсіз қала» жобасы аясында

біздің қаланың аулалары мен қоғамдық орындарына бейнебақылау камералары орнатылып, медицина мамандарының тапшылығын жою қарастырылғанын айтты. Осы мақсатта «Қазақмыс» корпорациясы Жезқазған, Сәтбаев қалаларының дөрігерлері үшін 32 пәтер сатып алмақ екен. Көптің көкейінде жүрген «Қызылорда – Жезқазған» тас жолының мәселесі де облыс әкімінің назарында. Жобалық-сметалық құжаттары әзірленген тас жолдың құрылысына қажетті қаржыландыру көзі қазір анықталып жатқан көрінеді.

Төрт сағатқа созылған есептік кездесуде облыс тұрғындарынан 986 сұрақ түсіп, оның бірқатарына Жеңіс Махмұдұлы тікелей эфирде жауап берді. Жезқазған қаласына онкологиялық диспансер қажет деген жезқазғандық Мадина Алданжанова облыс әкімі: «Былтыр қала тұрғындарымен және ақсақалдарымен кездескенде мұндай мәселе көтерілген. Қазіргі таңда осы мақсатқа бюджетте қаражат көзделген, қаржы бар. Қажетті ғимарат та табылып тұр. Жобалық құжаттар зерттеуден шыққаннан соң Жезқазғанда жылдың соңына дейін 62 төсектік онкология ауруханасы іске қосылады деп жоспарлап отырмыз», – деді.

Өз тілшіміз

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ



«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, отандық фармацевтикалық кешенде вакцинаның өнеркәсіптік өндірісі қысқа мерзімде жолға қойылды. Бүгін Қазақстанның барлық өңіріне «Гам-КОВИД-Гак» вакцинасының 90 мың дозасы жөнелтіледі. 2021 жылғы наурызда 150 мың доза өндіру жоспарланып отыр, ал сәуір айынан бастап 600 мың дозаға жетеді. Осылайша, халықты жоспарлы түрде COVID-19-ға қарсы вакцинамен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етеміз», – деді вице-премьер Е.Төгжанов.

«СК-Фармация» ЖШС мен Ресей тікелей инвестициялар қоры (РФТИК) арасында жасалған өзара түсіністік туралы келісім аясында 2 млн астам доза жеткізу, препарат сынақтың барлық сатысынан өткеннен кейін 5 млн дозаға дейін арттыру жоспарлануда.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылғы 11 қарашада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен РФ Президенті Владимир Путин телефон арқылы сөйлескенде пандемиямен күресте ынтымақтастықты жаңадандыруды, соның ішінде ҚР аумағында бірлесіп вакцина өндірісін ұйымдастыру жөніндегі жоспарларды талқылады.

«ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жұмыс тобын құрды, оның құрамына ҚР ДСМ, РФТИК бейінді ведомстволарының басшылары және ҚФК мамандары кірді. Мәселелер күнделікті режимде талқыланды. Қысқа мерзімде технология трансфері, өндірісті дайындап, қызметкерлерді оқыттық. Бүгін Қазақстанда «Спутник V» вак-

ҚАРАҒАНДЫ ФАРМАЦЕВТИКА КЕШЕНІ «СПУТНИК V» ВАКЦИНАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ПАРТИЯСЫН ШЫҒАРДЫ

2021 жылғы 23 ақпанда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов пен ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой Қарағанды фармацевтика кешені (ҚФК) базасында «Гам-КОВИД-Гак» («Спутник – V») вакцинасының өндірісін және өңірлерге вакцина жеткізу барысын тексерді.



цинасының өндірісін іске қосамыз», – деп атап өтті А.Цой.

«Бізге қысқа мерзімде ресейлік «Спутник V» вакцинасының өндірісін бастау міндеті қойылды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 4 желтоқсанда технология иесі – РФ-ның «Ресей тікелей инвестициялар қоры» мемлекеттік компаниясымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды және 13 желтоқсанда бізге дайын өнімнің валидациялық серияларын өңдеуге арналған субстанция берді», –

деді ҚФК бас директоры Сергей Барон.

2020 жылғы 4 желтоқсанда РФТИК ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен ынтымақтастық туралы келісім жасасты және 2020 жылғы 13 желтоқсанда «Қарағанды фармацевтика кешені» ЖШС препараттың тәжірибелік сериясын өндіру үшін 6 мың доза көлемінде субстанция алды.

2020 жылдың 24 желтоқсанынан 2021 жылдың 21 қаңтарына дейін вакцина Н.Ф. Гамалей атындағы орталықта бірнеше рет сапа бойынша сынақтан өтіп, 2021 жылдың 15 ақпанында ол ҚР-да тіркелді.

«Saryarqa-aқпарат»

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНА ДАЙЫНДЫҚ



аппарат отырысының күн тәртібіне шығарылды

Қала басшысы Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен қалалық әкімдіктің аппарат отырысы өтті. Күн тәртібіне шығарылған мәселелер бойынша баяндама жасағандар мен әкім орынбасарларынан өзге мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын басшылары жиналысқа қашықтан қатысты.

Көпшіліктің тыңдауына ұсынылған алғашқы мәселе – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына дайындық барысы туралы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова есеп берді. Ол өз сөзінде, Президент әкімшілігі бекіткен «Жасампаздыққа толы жылдар» атты тұжырымдамасына сәйкес бекітілген қалалық іс-шаралар жоспарын таныстырды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздік күнін мерекелеуге қатысты алға қойған міндеттерін ұстана отырып, қалалық жоспарға 54 іс-шара енгізілді. Мерекеге орайластырылған оқиғалар қатары әр ай сайын 12 тақырыптық бағытта өрбиді. Қала мекемелері мен оқу орындарында барлығы 1200 аса іс-шара өткізіледі деп жоспарлануда. Іс-шаралар халықтың барлық санаттарын қамтиды. Мемлекет басшысының егемендіктің 30 жылдығын атап өту кезінде артық даңғаз мен ысырапшылыққа жол бермеу тапсырмасын орындау мақсатында біздің қалада ұйымдастырылатын шаралар мейлінше сапалы және мазмұнды деңгейде, айтарлықтай шығынсыз өтеді, – деген Мереке Батырбекқызы С.Қожамақұловтың 125 жылдығына арналған Жанат Хаджиев атындағы театрлар фестивалі халықаралық деңгейде өтсе, жас ғалымдар мен магистранттарға арналған «Келешек – 2021» ғылыми-практи-

калық конференциясы, «Ұлытау үні» аймақтық халық шығармашылығы және көркемөнерпаздар фестивалі мен акындар айтқысы, «Туған жерге туынды тік» атты жерлестер форумы, XXI Байқоңыр оқуларының дүбірі еліміздің түпкір-түпкіріне жететінін айтты. Сонымен бірге, айтулы мерекенің қарсаңында жезқазғандықтарға 320 балаға шақталған балабақша, 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Жезқазған қаласы көпсалалы ауруханасындағы жанартылған перзентхана, Теректі станциясындағы 80 орындық жаңа мектеп, абаттандырылған 70 жаңа балалар ойын алаңдары тарту етіледі. Мысты өлкеге жанаша келбет беру мақсатында, көпқабатты үйлердің қабырғаларына Тәуелсіздік және патриоттық сезім тақырыптарына арналған муралдар орнатылады. «Жошы хан» тарихи-мәдени кешенінің, «Абай тағлымы» ескерткіш-кешенінің, «Руханият» аллеясының, «Алаш қайраткерлері» композициясының ашылуы да өскелең ұрпақтың патриоттық рухын көтеруге септігін тигізеді анық.

Жыл бойына жоспарланған ауқымды шаралардың өз деңгейінде өтуін қамтамасыз етуді тапсырған Қайрат Бектайұлы жезқазғандықтар ұлық мерекенің лебін сезіну үшін қала көшелерінің безендірілуіне, жазда бастала-

тын жөндеу жұмыстарының сапасына баса назар аудару қажеттігін жеткізді.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясының басшысы Төлеген Рысбеков азық-түлік қауіпсіздігі мен эпизоотияға қарсы шаралар туралы кеңінен баяндады. 2016 жылы базарлардың бірінде саудаланған туберкулез ауруына шалдыққан мал етін анықтағанын тілге тиек еткен Төлеген Көшербайұлы бірқатар жеке меншік сауда орындарында мал шаруашылығы өнімдерін сақтаудың талаптары сақталмайтынын ашып айтты.

Сонымен бірге, былтыр Малшыбай селолық округінде қарасан, биыл Талап ауылында құтыру індеті тіркелгенін жеткізді. Ауру ошағын жою мақсатында жауапты мекемелер барлық қажетті шараларды жүргізгенін тілге тиек еткен Төлеген Рысбековке қала әкімі жүгенсіз кәсіпкерлерді заң жүзінде тәртіпке шақыруды қадап тапсырды. Сондай-ақ, 2021 жылы 2 мыңнан аса иесіз итті аулау жоспары барын айтқан Жезқазған қаласының ветеринарлық станциясы директорының м.а. Дәулет Түсіпбековке қала тұрғындарының өміріне қауіп төндіретін иттерді аулаудың квотасын ұлғайтуды жүктеді.

Диана ОРАЗАЛИНА



1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Рахмет саған, Отаным!

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Қазақ жеріне депортан-цияланған немістердің саны 500 мыңдай деп болжанады. Оларды мал таситын вагонмен қайда әкелгендерін де айтпай сайын далаға тастап кеткеннен де хабардармыз. Сонда түрі де, тілі де, діні де бөлек біздің ата-бабамызды қазақ халқы жатсынбады. Бауырына басты. Қолындағы соңғы нанымен бөлісіп, бізді қырылып қалудан аман алып қалды. Сол үшін біз, біздің ұрпақ та Сіздерге қарыздар. Осы қамқорлықты мен де, менің отбасым да сезінді. Сондықтан, өмірімнің жарқын күндері өткен Жезқазғаннан алыс кете алмаймын. Жезқазған менің – үйім. Мен мұнда жалғыз емеспін. Менің 90 мыңға жуық туысым бар, – деген Николай Ауэр Қазақстанда тұрып жатқан немістердің жағдайы жаман емес екендігін алға тартты. Шыңдығында, 140 ұлт пен ұлыстың құтты мекеніне айналған қазақ жерінде кемсіту, қысым көрсету жат қылық.



– Алысқа бармай-ақ Жезқазғанды мысал еткім келіп отыр. Жезқазған-Ұлытау аймағында 2150 неміс тұрады. Бізге ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді сақтауға және тілімізді кейінгі ұрпаққа мұра етуге жағдай жасау мақсатында құрылған «Возрождение» неміс ұлттық мәдени орталығы жұмысының алға басуына мол мүмкіндіктер қарастырылған. Қалалық әкімдіктің қолдауымен үлкен кабинет тегін берілді. Мұнда аптасына үш рет үлкен топ, жексенбі күні балалар неміс тілінде сөйлеу мен жазуға дағдыланады, ұлттық мәдениетіміз бен тарихымызға бойлайды, – деген Николай Иванович барша неміс ұлты атынан өздеріне жасалған барлық жақсылық үшін алғыс айтып, қасиетті қазақ жеріне, қазақ халқына бас иіді.

Диана ОРАЗАЛИНА

Елін сүйген Исрапил

Жыл сайын Алғыс айту күні қарсаңында мал сойып, қазан көтеріп, әруақтарға құран бағыштап жүретін Исрапил Кикиевті жезқазғандықтар жақсы таниды. Онымен жаңадан танысып, сөйлескен бойдан қазақ халқына деген ыстық ықыласын, елге, жерге деген құрметін бірден аңғаруға болады.



18 жасынан бастап Қазақстанды мекеніне айналдырған Исрапил Минкаловичтің ұлты – шешен. Оның марқұм әкесі жас күнінде солақай саясат салдарынан қудаланып, Қарағанды облысының Шахтинск қаласы маңына жер аударылған. Ал анасы Қарағандының Михайлов шағын ауданында дүниеге келген екен. 1950 жылдары шешен халқы жаппай өздерінің тарихи Отандарына орала бастайды. Өз жерлеріне оралған Исрапилдің әкесі мен анасы тағдыр жазуымен танысып, шаңырақ

көтереді. 1990 жылдары Шешенстанда соғыс басталады. Кіші ұлдарын соғыстан аман алып қалғысы келген олар, осы жылы Исрапилді Қарағандыға жөнелтеді. Оны мұнда үлкен ағасы қарсы алып, оқуына жәрдемдеседі. Осылайша Қарағанды қаласындағы Қазақстан-Ресей гуманитарлық академиясына оқуға тапсырған ол, заңгер мамандығын меңгеріп шығады.

Бүгінгі таңда құрылыс сала-

сы бойынша жеке кәсіппен айналысатын Исрапил Минкалович Қазақстаннан ешқайда кеткісі келмейтінін жеткізді.

– Мен биыл қырықтың қырықасына аяқ басып отырмын. Барлық жастық шағым қазақ даласында, Арқа төсінде өтті. Жас кезімде спортпен шұғылдандым. Әлі де спортты тастаған емеспін. Қазақтарды жақсы көремін. Менің Отаным – Қазақстан. Өз елімді шексіз сүйемін, жатсынбай бауырларына басқан қазақтарға алғысым шексіз. Міне, бүгін де жылдағы дәстүрге сай, шешен және қазақ бауырларымды жинап, құран оқыттым. Қала көшесіне шығып, тұрғындарға ас-ауқат тараттық. Аталған акция жыл сайын жалғасын тапқанын қалаймын, – деген ол қазақ қызына үйленген. Найман руынан шыққан Жәниәні жары еткен Исрапил 3 ұл тәрбиелеп отыр.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

MEMORANDUM

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

үшін әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісім жасалды

Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлері мен жұмыс берушілердің арасындағы еңбек қатынастарын реттеу, олардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету, туындаған еңбек дауларын дер кезінде шешуге ықпал ету мақсатында «Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі мен «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі арасында 2021-2023 жылдарғы арналған әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісім жасалды.



Аталған құжатқа «Қарағанды облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Г.Ш.Қожахметова және «Жезқазған ай-

мақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы М.С.Қоңырбаев қол қойды. Бұл құжат Жезқазған аймағындағы аудан-қалаларда келісімдер мен ұжымдық шарттар жасауға негіз болып табылады.

2021-2023 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік жөніндегі келісім Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 151-бабына сай Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде 2021 жылдың 10 ақпан күні ресми түрде тіркелді.

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ

ЦИФРЛАНДЫРУ ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ



Ел Президенті өзінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыруды барлық нормалардың базалық элементі ретінде атап өтті. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы бағыт шеңберінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін мемлекеттік органдардың барлық процестері мен жүйелерін кіріктірі және қазғ құжаттар мен анықтамаларды алып тастау жүргізілуде. Бүгінде жүйелерді ықпалдастырудың арнайы жоспары іске асырылуда, соның арқасында әртүрлі ведомстволық жүйелер арасында деректермен автоматты алмасу жолға қойылды. Өзара ықпалдастыру процесін жеделдетуге Smart Bridge жобасы арналған. Оның мақсаты – мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық жүйелері мен дерекқорлары үшін бірыңғай платформа құру, сондай-ақ барлық ықпалдастыру рәсімдерін оңайлату.

Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және оңтайландыру жұмыстарына қызмет көрсетушілердің барлық мемлекеттік органдары тартылған. Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелерді ықпалдастыру арқасында 30 анықтама жойылды. Мекенжай анықтамасын жою электронды құжатталымды 2 есе қысқартуға мүмкіндік бергендігін атап айтқан жөн.

Локдаун кезеңінде қызметтер бірінші қажеттілік қызметтеріне айналды, олардың саны 3 есеге арты. Былтырғы қала әкімі аппаратының мекемелерімен 20000 мемлекеттік қызмет электронды түрде көрсетілді.

e-gov сайтында жеке тұлғалар үшін 26 наурыздан және заңды тұлғалар үшін 2020 жылдың 1 сәуірінен бастап тұлғаны биометриялық сәйкестендіруді қолдана отырып, электрондық сандық қолтаңба алу қызметі іске қосылды. Оны 25 мың жезқазғандықтар қолданды. Бұрын халықта электрондық сандық қолтаңбаға қатысты сұрақтар көп туындағандығын атап айтқан жөн. Біріншіден, қиындықты туғызатын мәселе ХҚКО алу кезінде адамның өзінің болуы. Екіншіден, электрондық сандық қолтаңбаны пайдалану кезінде қосымша бағдарламалар орнату қажет еткенде туындаған қиындықтар. Бұл қызметті пайдалану үш ажырату процедурасын бір процеске біріктіруге мүмкіндік берді: ЭСК қашықтықтан алу, азаматтар базасында телефон нөмірін тіркеу, ұялы телефоннан e-gov сайтында жеке кабинетті құру.

Сонымен қатар, халықта қажет мемлекеттік қызметтерді Egov mobile ұялы қосымшасы арқылы алу мүмкіндігі бар. Egov mobile жүйесін



AppStore және PlayMarket жүйелері арқылы жүктеп алуға болады.

Қандайда бір жағдайда мемлекеттік қызметті алу үшін халыққа үкімет проактивті қызметтерді енгізді. Халыққа ешқайда барып қажеті жоқ. Бар болғаны смс кодты алуға қажет ақпаратты берсе болғаны. Бүгінде Жезқазған қ. әкімі аппаратының мемлекеттік мекемелерімен 8 проактивті мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі. Мысалы: бала туылған кезде ЭСК пайдалана отырып, электронды үкімет порталының басты

бетіне өтіп, «Отбасы» бөліміндегі, «Бала тууын тіркеу» мемлекеттік қызмет таңдау арқылы 3 қызмет түрін алуға болады: баланың туу туралы куәлігін, бала туғандығын жәрдемақысын, балабақшаға кезекке қою.

Бүгінгі күні мемлекеттік қызметтердің 90% электронды форматқа көшірілді. Оларды үйден шықпай-ақ алуға болады.

Карантин жағдайындағы індет кезеңінде қала әкімінің аппараты қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ғимаратында қоғамдық қолжетімді орындар ұйымдастырылды, сондай-ақ, қала әкімі аппаратының ғимаратында «ореп space» кабинеті жұмыс істейді, онда мамандар мен кеңесшілердің көмегімен кез келген адам электрондық сандық қолтаңбаны рәсімдеп, мемлекеттік қызметтерді ала алады.

Ольга МОКЕЕВА, «Жезқазған қаласы мемлекеттік қызметтер сапасын мониторингтеу және ақпараттық технологияларды дамыту бөлімі» ММ басшысы

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



БИІКТЕРДІ БАҒЫНДЫРДЫҚ

Тәуелсіздік ұғымы – жер бетіндегі барлық адам үшін тым қымбат, тым ыстық. Тәуелсіздіктің гасырлар бойы армандап, аңсап қол жеткізген халықтың бірі – біздің ұлтымыз.

70 жыл кеңестік жүйеде күн кешкен қазақ халқының Тәуелсіздік тірлік кешіп жатқанына биыл, міне, 30 жыл толып отыр. Қанша жерден алтын торда өмір сүргенімен қамаудағы құс пен кен далада көсіле қанат қаққан құстың әні де, сәні де бөлек болады. Сол сияқты өз егемендігі жоқ елде өскен ұрпақ пен азат қоғамда туып, еркіндікте ғұмыр кешкен ұрпақтың өзі де, сөзі де, ой-пайымы мен таным-түсінігі де екі түрлі болатыны сөзсіз. Осы сәтте мен өзімнің Тәуелсіздік елдің ұрпағы екенімді айрықша мақтан етемін. Өлемде қаншама басында бостандығы жоқ, өзгенің қас-қабағына қарап ғұмыр кешіп жатқан елдер бар. Мен әр атық жаңа танымды қуанышпен қарсы ала отырып, Қазақстан аты Тәуелсіз мемлекеттің азаматы болғанымды, Алтайдан Атырауға дейінгі ұлан-ғайыр жердің мұрагері, қазақ атты қайсар ұлттың жалғастырушысы екенімді ойлап, көкірегімді керемет сезім кернейді.

Тәуелсіздік алғалы не өзгерді? Кеңес Одағының құрамындағы одақтас 15 елдің қатарындағы түркі тілдес халықтардың бірі болған біздің елімізде әр түрлі мәдени нысандар бой көтеріп, жаңа өндіріс ошақтарының іргетесі қаланды. Білімді, өнерлі жастардың қатары артты. Жеріміздің асты толған кен еді. Дегенмен, жетіспейтіні Тәуелсіздік болды. Кеудеміздегі осынау «Өтпеген-ай»-дың орнын толтыру үшін ең қажеттісі азаттық екені шүбәсіз болды. Оны бәрі білетін, тек осы мәселені нақты көтеруге көптің жүрегі дауаламады, көтерген азаматтардың ғұмыры қыршынынан қиылды. Өзге әлемдік державалардың алдында төрт құбыласы теңдей көрінетін біз қатарлы елдердің барлығының көңілдегі кілтпандары болды. Дегенмен, уақыт өз таразысын тербетіп, әр нәрсені өз орнына қояды екен. Сол уақыт 1991 жылдың 16 желтоқсаны болды. Дәл осы күні қазақ халқының төбесі көкке жетті. Көңілдерді қуаныш кернеді,

жүректер жанданып, өмілер орындарынан бір аунағандай болды. Қаншама жыл. Қаншама гасыр. Көл-көсір жастар пен судай аққан кінәсіз жандардың кегі қайтып, тірілердің болашағы айқындалды. Қай істе де ешнәрсе оңайлықпен жүзеге аспайды. Бәріне уақыт керек. Бір өндірістің, мекеменің әр құрылымы әр елге шашырап кеткен кезеңде, барлығын қайтадан бастау қажет болды. Дегенмен, ел басына келген Нұрсұлтан Назарбаев бастаған азаматтарға ел сенім арта білді. Халқының селкеусіз сенімі мен үкілеген үміті арқасында оларда билектерін сыбанып, биіктерді бағындыруға талпынды. Міне, содан бері біраз нәрсе өзгерді. Оң өзгерістер мол. Алдағы уақытта да тек жақсылықтар боларына сенемін. Жанаша ойлайтын, жаңашыл әрі жасампаз жастар легі тәрбиеленіп келеді. Олар барда Тәуелсіз Қазақстанның келешегі де кемелдене түсері ақиқат!

Ізтөлеу ТҮСПӨВ

ҮЗДІК ЖОБАЛАР АНЫҚТАЛДЫ

18 ақпан күні іріктеу туры өткен «ZheStartUP» байқауы қорытындыланды. Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің бастамасымен қалалық жастар ресурстық орталығы, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының Жезқазған қалалық филиалы және Алматы қаласындағы Жоғары бизнес мектебінің қолдауымен жүзеге асқан стартап жобалар байқауына 70-ке жуық өз кәсібін ашуға ниетті жастар өтініш келіп түскен болатын. Іріктеу нәтижесінде финалда 15 жоба өтті.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің Президент-ректоры, т.ғ.д., профессор Әбдімәлік Тәкішев төрағалық еткен байқауға Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова, Жезқазған қаласы кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Фархат Нұрдәулетов, «Атамекен» Ұлттық бизнес палатасының Жезқазған қалалық филиалының мемлекеттік бағдар-

ламалар бойынша кеңесшісі Шолпан Талап, «ГринИнвестСтрой» ЖШС-нің директоры Зарина Нұрмағанбетова, «ЦентКредитБанк» банкі директорының орынбасары Қазбек Сынтабанбеков және Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, университеттегі «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек қазылық етті. Онлайн режимде өткен жиында финалистер өз жобаларын толық

таныстыруға мүмкіндік алды. Байқау қорытындысына сәйкес I орын мен 70000 теңгелік сертификатты «Microgin» бизнес-жобасын ұсынған № 26 гимназияның 10-сынып оқушылары жеңіп алды. II орын мен 50000 теңгелік сертификат «BioEnergy» биогаз қондырғылары фирмасы жобасын ұсынған Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің I курс студенті Нәзира Аймағамбетоваға бүй-

ырса, III орын мен 40 000 теңгелік сертификатты «Экоморс» жобасын ұсынған университеттің I курс студенті Дархан Бимырзаев қанжығасына байлады.

Байқау барысында үздік деп танылған бизнес-жобаларға демеушілер тағайындаған 40 000 теңгелік сертификаттар және Алғыс хаттар табысталды.

Ай СУҒІР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ



Жезқазған қаласының 70 жылдығына 70 игі іс




Жезқазған

Жоспарланған 70 игі іс-шара
Жезқазған қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін бермек, адамдардың өмір сүру сапасы мен қоңіл-күйін жақсартуға, жезқазғандықтардың туған қаласына деген мақтаныш, патриоттық және сүйіспеншілік сезімдерін арттыруға ықпал етеді.

Іс-шаралар жоспары 70 тармақты қамтитын 6 тараудан тұрады.


Азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету 4 іс-шара:



- ✓ 2021 жылы Алашахан көшесіндегі 34Д үйде әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға 70 пәтер беру;
- ✓ Апатты үйлердің тұрғындарын кезең-кезеңмен көшіру (2021-2024 жылдар);
- ✓ Жалпы ауданы 50,5 мың ш. м. тұрғын үйді кезең-кезеңмен іске қоса отырып, 744 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету (2021-2024 жылдар);
- ✓ 2023 жылы дарынды балаларға арналған «Өркен» мектебінің жанынан 200 орындық жатақхана ашу (ауылдық жерлердің дарынды балаларына білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету).



Инфрақұрылым мен коммуналдық қызметтерді жақсарту 12 іс-шара:



- ✓ Жезқазған-Қызылорда автожолын қайта жаңарту, 2021 жылы басталды;
- ✓ 2021 жылы суару желілерін қалпына келтіру;
- ✓ 2021 жылы Рыбачий, Комбинатский кенттерінің, 91-95 орамдардың көшелерін жарықтандыру;
- ✓ 2021 жылы қала көшелерінің жолдарына орташа жөндеу жүргізу;
- ✓ АГТС-тен Рыбачий, Комбинатский және Геологический кенттерінің газ тарту желілерін салу (2021-2024 жылдар);
- ✓ Автобус паркін жаңарту (2021-2022 жж);
- ✓ 2021 жылы «Үйтас-Айдос су қоймасын қайта жаңарту» жобасына ЖСҚ әзірлеу;
- ✓ 2021 жылы көріз-тазарту нысандарын қайта жаңарту;
- ✓ 2022 жылы №1,2 жол өтпелерін қайта жаңарту;
- ✓ 2023 жылы қалаішілік су құбыры желілерін жаңарту;
- ✓ 2023 жылы Кенгір су қоймасын зиянды шөгінділерден тазарту;
- ✓ 2024 жылы гидроцехтің шаруашылық-ауыз су тазарту объектілерін жаңарту

Әлеуметтік, білім беру, мәдени және спорт нысандарын ашу 12 іс-шара:



- ✓ 2021 жылы 140 спортшыға арналған жатақханасы бар спорт кешенін;
- ✓ 2024 жылы көрермендерге арналған 100 орындық трибунасы бар жабық футбол манежін;
- ✓ 2022 жылы «Степлаг тарихи кешені» атты ашық аспан астындағы мұражайын;
- ✓ 2023 жылы қаланың тарихи-археологиялық мұражайында жаңа экспозиция залын;
- ✓ 2021 жылы «Жошы Хан» тарихи-мәдени кешенін;
- ✓ 2021 жылы 320 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешенін;
- ✓ 2021 жылы Теректі станциясындағы 80 орындық мектепті; 2022 жылы Кенгір ауылындағы 140 орындық балабақшаны;
- ✓ 2021-2022 жылдары 920 орындық 3 балабақшаны;
- ✓ 2021 жылғы мамырда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу дағдарыс орталығын;
- ✓ Аланы барлық мектептерінде тақырыптық мұражайларды (2021-2022 жылдар);
- ✓ Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмекті 2 есеге ұлғайту



Денсаулық сақтау 2 іс-шара:




- ✓ 2021 жылы «Жезқазған қаласының көпсалалы ауруханасы» КМК перзентхана, гинекологиялық бөлімше және жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесін, шала туған балаларды күту бөлімшесін күрделі жөндеуден өткізу;
- ✓ 2022 жылы 62 төсектік онкологиялық орталықты ашу.




Қаланың сәулеттік келбетін жақсарту 11 іс-шара:

- ✓ 2021 жылы «Абай тағылымы» ескерткіш-кешені мен «Руханият» аллеясын ашу;
- ✓ «Алаш қайраткерлері» композициясын ашу (2021-2022 жылдар);
- ✓ 2021 жылы Сәтбаев көшесі бойындағы айналма жолды абаттандыру;
- ✓ 2022 жылы Талап ауылындағы саябақты абаттандыру;
- ✓ 2021 жылы 70 балалар ойын алаңын орнату;
- ✓ 2022 жылы «Жұлдыздар аллеясын» ашу;
- ✓ 2021 жылы бірінші сәулеттік келбетке келтіру үшін көпқабатты үйлердің қасбеттері мен шатырларын қаптау;
- ✓ 2024 жылы «Төрт босаға» тарихи-танымдық алаңын ашу.



Қаланың сәулеттік келбетін жақсарту

- ✓ Көп қабатты үйлердің қасбеттерін муралмен (стрит арт) безендіру және шатырларын қаптау (2021-2022 жылдар);
- ✓ 2024 жылы су қоймасының көркем жағалауларында аллеялар, пирстер, көру алаңдары бар жалпы қалалық саябақ ашу;
- ✓ Алашахан даңғылынан бастап Ә. Марғұлан көшесіне дейін ақын Иманжан көшесінің бойында 2022 жылы сквер ашу;



Кәсіпкерлікті дамыту және жаңа іс түрлерін игеру 11 іс-шара:




- Ашу –
- ✓ 2021 жылы «Қазхимсинтез» ЖШС Өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауытын;
- ✓ 2021 жылы «Қазқмыс» корпорациясы» ЖШС Қара мыс концентраттарын гидрметаллургиялық өңдеу тәжірибелі зауытын;
- ✓ 2021 жылы «С и Жест» ЖШС Жезқазған құрылыс материалдары зауытын;
- ✓ 2022 жылы «Kaz Green Energy» ЖШС Биоэлектростанциясын;
- ✓ 2022 жылы «Ахтямов» ШҚ құс етін өндіру цехын;
- ✓ 2021 жылы «Исина А. Б» ЖК «Самади» гипермаркетін;
- ✓ 2023 жыл «Құрылыс» ЖК қонақ үй кешенін; 2022 жылы 600 бас ІҚМ арналған 2 бордақылау алаңын («АйырТәуАгро» ЖШС, «Жаналинов» ЖК);
- ✓ 2024 жылы «Қазқмыс Холдинг» ЖШС жылыжай кешенін.
- ✓ 2022 жылы өсімдік шаруашылығы үшін егіс алқаптарын 200 га дейін ұлғайту («Пен» ШҚ, «Еңбек мүгедектер қоғамы» ҚБ, «Лешкарев» ЖК);
- ✓ 2024 жылы жел электр станциясын іске қосу;



Цифрландыру және коррупцияға қарсы іс-қимыл 3 іс-шара:



- ✓ 2022 жылы цифрлық ахуалдық орталық құру;
- ✓ 2021 жылы жаңа форматтағы «Open Space» ашу;
- ✓ 2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты енгізу.



Мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру 15 іс-шара:



- ✓ 2021 жылы республикалық ақындар айтысын;
- ✓ 2021 және 2024 жылы жерлестердің «Туған жерге туынды тік» форумын;
- ✓ 2021 жылы С. Қожамқұловтың 125 жылдығына арналған халықаралық театр фестивалін;
- ✓ 2022 жылы «Өнер өлкесінің жезкігі» атты Жақсыгелді Сейіловтың әндерін орындаушылардың республикалық байқауын;
- ✓ 2024 жылы Жезқазған аймағының тарихы мен мәдениеті туралы энциклопедия мен журнал шығару;
- ✓ 2024 жылы «Сүйікті қалам Жезқазған!» атты музыкалық-хореографиялық, театрландырылған шоу-бағдарлама;
- ✓ 2024 жылы Халықаралық «Кетбұқа би» күйшілер байқауын;
- ✓ 2024 жылы «Сықырлы саусақ» аймақтық көрмесін;
- ✓ 2022 жылы «Жезқазған тарихы 70 жыл ішінде» виртуалды экскурсиясын;
- ✓ 2022 жылы мектеп лигалары мен спартакиадаларын;
- ✓ 2023 жылы «РОБОЛЕНД -2023» фестивалін;
- ✓ 2021 жылы қала күніне арналған жаппай марафон;
- ✓ 2022 жылы күрес бойынша республикалық турнирлер;
- ✓ 2024 жылы «Бәйге», «Қыз қуу», «Тенге алу» ұлттық ойындарынан жарыстар;
- ✓ 2024 жылы Жезқазғанның 70 жылдығын мерекелеу күні мерекелік мәдени-бұқаралық іс-шаралар.



Жезқазған қаласының 70 жылдығын атап өтетін күнгі мерекелік іс-шаралар 2024 ж. қыркүйек

- ✓ Ұлттық спорт ойындары;
- ✓ Қазақстандық жұлдыздардың қатысуымен гала концерт;
- ✓ Киіз үйлерді құру;
- ✓ Мерекелік отиашу.

Сүйікті қаламыздың 70 жылдығына игі іс

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ



Идентификациялық қалып – мемлекет бірнеше діни ұйымдармен әріптестік және серіктестік орнатады; дәстүрлі діндерге мәдени құндылық ретінде қолдау білдіріп, олардың білім беру орындарында оқытылуына мүмкіндік жасайды.

Идентификациялық қалып көпұлтты мемлекеттерге тән.

Оларға мемлекеттердің даму тарихында Құдайды насихаттау арқылы адамдарды дінге мәжбүрлеуді басынан өткерген елдер (Франция, Ресей, Балтық жасаулау елдері, Украина, т.б.) жатады.

Зайырлықтың идентификациялық қалып – зайырлық пен діндарлықты қоғамның түрлі салаларында (мәдениет пен құқықтық сана, әлеуметтік тұрақтылық, дінаралық және ұлтаралық келісімдерді реттеу, ізгі қатынастар орнатып, нығайту) пайдалану.

Идентификациялық қалыптың негізгі ерекшеліктеріне мемлекеттің діни ұйымдарға серіктес болуы, азаматтардың заманауи ұлттық-мәдени және діни ерекшеліктерін ескере отырып, оған қолдау танытуы тән. Халық кепіл болғандықтан, мемлекет саясаты мәдени-рухани құндылықтарды сақтауға, азаматтарының діни наным-сенімін құрметтеуге бағытталды. Мемлекеттің діни ұйымдармен серіктес болуының кайнар көзі осыдан бастау алған.

Басқа қалыптарға қарағанда идентификациялық қалыпқа жататын мемлекеттер ойластырылған, мақсатты түрде діни ұйымдармен әріптестік, серіктестік сипатта жұмыс атқарады. Мысалы, Ресей Федерациясы халықтың діни, рухани-мәдени, тарихи мұрасы ретінде діни ұйымдардың жұмысына қолдау көрсетіп, оларды мемлекеттің рухани-мәдени байлығы ретінде қарастырады.

Оның тарихи сипаттары төмендегідей:

Мемлекет пен дін қатынастарының тарихи кезеңдері мен олардың сабақтастығын ескерілуі;
Дін мен мемлекеттің жігі нақты ажыратылған және мемлекет басшысы қандай да болмасын дінді уағыздамайды;

Мемлекеттік білім беру мекемелерінде дінді уағыздау жұмыстары жүргізілмейді, дін тек мемлекеттің тарихи-мәдени құндылығы ретінде оқытылады.

Қазіргі әлемде зайырлы мемлекеттердің дінге қатысты ұстанымын үш топқа жіктеп, қарастыруға болады:

- клерикалдык жүйеге жақын зайырлық;
- конкордаттық жүйеге жақын зайырлық;
- діндерге тең құқық беретін зайырлық.

Клерикалдык жүйеге жақын зайырлы мемлекеттерге Түркия, Малайзия, Белоруссия секілді мемлекеттерді жатқызуға болады. Себебі, бұл елдер зайырлы мемлекет болғанымен, территориясы мен халқының тарихи танымында ерекше рөлге ие бір дінге мемлекеттік тұрғыдан қолдау көрсетіп отыр. Дегенмен, мемлекеттің саясатына дінді араластырмайды. Егер дін күшейіп келе жатса, оған шектеу қойып отырады.

Конкордаттық жүйеге жақын зайырлы мемлекеттерге Мысыр, Ауғанстан және Ливан сынды мемлекеттерді жатқызуға болады. Мысалы, Мысыр зайырлы мемлекет болғанымен, кейбір мәселелерде ислам діні өкілдерімен санасып отырады. Ислам дінін оқытатын оқу орындарын мемлекеттік қазынадан қаржыландырады. Ливан мемлекеті «Хизбулла» секілді діни ұйымның өкілдерімен санасуға мәжбүр.

Алайда, әлемнің көптеген мұсылман мемлекеттері зайырлы мемлекет өлшемінде сәйкес келмейді. Мысалы, Иран ресми түрде теократиялық мемлекет болып саналады. Конституциялары Құран мен шариғатқа негізделген, мемлекеттің басқару жүйесіндегі саяси билік дін басшыларының қолында шоғырланған.

Малайзия соңғы жылдары 2 зайырлы мемлекет² ұғымынан алшақтай бастады. Оның нақты көрінісін мұсылмандардың ісін қарайтын діни полицияның жұмыс жүргізуінен аңғаруға болады.

Мұсылман тұрғындары басым зайырлы мемлекеттер де бар. Олардың қатарына Түркия мен Әзірбайжан жатады.

Ал Израильде дін мемлекеттен толық ажыратылмаған. «Діни мемлекеттіз», «мемлекеттік дініміз бар»

деп ресми түрде хабарланғанымен, өзін «зайырлымыз» деп те жариялайтын мемлекеттер кездеседі. Олардың қатарына Англия, Дания, Мысыр, Тунис, Бангладеш және т.б. кіреді.

Әлемнің бірқатар елдері өздерін «зайырлы елміз» деп жариялағанымен, зайырлық әртүрлі қалыпта жүргізіледі. Бұл, әрине, сол елдерде қалыптасқан ұлттық құқықтық жүйелерге, мәдени дәстүрлер мен салттарға, мемлекеттік-конфессияралық қатынас сынды факторларға байланысты.

Зайырлықтың эквипотенциалдық қалпын ұстанатын АҚШ-ты мысалға келтірсек, президенттік қызметке Инжілмен ант беру арқылы кіріседі, Конгресс мәжілісін христиан капелландары ашады т.с.с. Дегенмен, дамыған елдердің зайырлықты басшылыққа алып, теократияны тарихи анахронизм деп айыптайтыны жасырын емес.

Жалпы, мемлекеттің зайырлы үлгісі әр елде әртүрлі сипатта іске асуы мүмкін. Жаһандық интеграциялық үрдістер бірұлтты аймақтағы мемлекеттерге көпұлтты халық пен түрлі мәдениеттің енуіне жол ашты. Бұл – түрлі ұлтпен, мәдениетпен бірге түрлі наным-сенімдер мен діндер де қатар енеді дегенді білдіреді.

Аталмыш жағдай түрлі қызығушылықтарды ұштастыратын құрылымдардың тетіктері мен үлгілерін ғылыми тұрғыдан жетілдіруге міндеттейді. Себебі, ұлтаралық және конфессияралық шиеленістерден туындайтын мәселелерді шешу, діндар азаматтармен қатар, дін ұстанбайтындардың да қызығушылықтарын қанағаттандырып, елдегі тұрақтылықты сақтау – зайырлы мемлекеттің басты міндеті.

Kazislam.kz

1 НАУРЫЗ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КҮНІ

ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫНДА

Биыл Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні «Ұлттық экономиканы сақтау үшін мықты азаматтық қорғаныс» ұранымен өтеді.

Жыл сайын 1 наурызда Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні атап өтіледі. Мерекенің тақырыбы мен ұраны әр жыл сайын анықталып отырады. Биыл дүниежүзілік мереке «Ұлттық экономиканы сақтау үшін мықты азаматтық қорғаныс» ұранымен өтеді.

Мереке аясында наурыз айы бойы объектілік жаттығулар өткізіледі, білім беру мекемелерінде жалпымектептік мерекелік жиындар, конкурстар, викториналар ұйымдастырылады. Сынып сағаттарында және кіріктірілген сабақтарда, шағын конференциялар мен әңгімелерде төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер бойынша түрлі мәселелер қарастырылады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылы Қарағанды облысы ТЖ департаментінен азаматтық қорғау қызметінің ардагерлерімен кездесу жоспарланған. 1931 жылы Парижде бірнеше мемлекеттердің бастамасы бойынша барлық елдерде екі жақты және көп жақты келісімдер арқылы жергілікті қауіпсіздік аймақтарын құру үшін «Женева аймақтарының қауымдастығы» — «қауіпсіздік аймақтары» құрылды. Кейіннен қауымдастық Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымы (ХАҚҰ) болып қайта құрылды.



1990 жылы белгіленген Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күні әлемдік қоғамдастықтың назарын Азаматтық қорғаудың мәніне аудару және зілзала немесе авария жағдайында халықтың өзін-өзі қорғауға дайындығын арттыру, сондай-ақ азаматтық қорғаудың ұлттық қызметтері персоналдың апаттарға қарсы күрестегі күш-жігері мен өзін-өзі құрбан етулеріне құрмет көрсету мақсатында ХАҚҰ-ға мүше елдерде атап өтіледі.

1 наурыз күні кездейсоқ таңдалған жоқ. Дәл осы күні ХАҚҰ Жарғысы күшіне енді, оны 18 Мемлекет мақұлдады.

ХАҚҰ қызметінің бағыттары арасында мыналарды атап көрсетуге болады: төтенше жағдайлар кезеңінде

басқару саласында ұлттық кадрлар даярлау; мемлекеттерге төтенше жағдайлардың алдын алу және халықты қорғау жүйелерін құру мен жетілдіруге техникалық көмек көрсету; азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар кезеңінде басқару мәселелері бойынша тәжірибе мен білімді насихаттау.

Қазақстан Республикасы ТЖМ 1997 жылы Халықаралық Азаматтық қорғаныс ұйымына кірді және осы ұйым өткізетін барлық негізгі іс-шараларға қатысады.

Алдияр РЫСБАЕВ,
Жезқазған қаласы ТЖ
басқармасы азаматтық қорғаныс бөлімінің офицері,
лейтенант

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Жезқазған қаласы

№ 06/01

2021 жылғы 17 ақпан

«Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 19.02.2021 ж. нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6199 болып енгізілді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарына сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- Қоса беріліп отырған «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидалары бекітілсін.
- «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімі аппаратының басшысына және әкім орынбасарларына жүктелсін.
- Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

Қ. ӘБСАТТАРОВ

Результаты согласования

Акима́т Карага́ндинской области – Руководитель отдела государственно-правовой работы ГУ «Аппарат акима города Жезказған» акимата города Жезказған Мэдина Дүйсенбекқызы Нұрлыбай, 05.02.2021 15:27:44, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Карага́ндинской области – Руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 17.02.2021 11:22:25, положительный результат проверки ЭЦП

Жезқазған қаласының әкімі

2021 жылғы 17 ақпандағы

№ 06/01 Қаулысымен бекітілген/

«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану қағидалары

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының/қаласының Әділет департаменті нормативтік-құқықтық акті 19.02.2021 ж. нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6199 болып енгізілді

1. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану жөнінде осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне көтермелеулерді қолдану тәртібін анықтайды.

2. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне мынадай көтермелеулер қолданылады:

- біржолғы ақшалай сыйақы;
- алғаш жариялау;
- грамотамен марапаттау;
- көтермелеудің өзге де нысандары, оның ішінде ведомстволық наградалармен марапаттау.

3. Мемлекеттік қызметшіге бір ерекшелігі үшін бір көтермелеу ғана қолданылады.

4. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша көтермеленеді.

5. «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің және Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін біржолғы ақшалай сыйақымен көтермелеу, құрамы қала әкімінің өкімімен бекітілетін мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу мәселелері жөніндегі Бірыңғай комиссияның шешімінің негізінде жүргізіледі (бұдан әрі – Комиссия).

6. Біржолғы ақшалай сыйақы төлемі «Жезқазған қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілеріне Жезқазған қаласы әкімінің өкімі негізінде, ал Жезқазған қаласының бюджетінен қаржыландырылатын өзге де атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне тиісті атқарушы орган басшысының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Осы тармақта көзделген біржолғы ақшалай сыйақы төлемі «Жезқазған қаласы әкімі

Результаты согласования

Акима́т Карага́ндинской области – Руководитель отдела государственно-правовой работы ГУ «Аппарат акима города Жезказған» акимата города Жезказған Мэдина Дүйсенбекқызы Нұрлыбай, 05.02.2021 15:27:44, положительный результат проверки ЭЦП
Департамент юстиции Карага́ндинской области – Руководитель Департамента Тимур Куатович Ермагамбетов, 17.02.2021 11:22:25, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ – Жезқазған қаласының әкімі К. Абсаттаров, 17.02.2021 16:04:44, положительный результат проверки ЭЦП

Ибрагим БЕКМАХАНОВ

1951-2021



Белгілі қаламгер, журналист әріптесіміз **Ибрагим БЕКМАХАНОВ** 70 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Ибрагим Бекмаханұлы 1951 жылы 22 маусымда Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын туған ауылында киномеханик болып бастаған ол негізінен бар саналы ғұмырын баспасөз саласына арнаған еді. ҚазМУ-нің журналистика факультетін бітірді. 1974-1979 жылдары Қармақшы аудандық «Торғай таңы» газетінде тілші, аға тілші болып қызмет атқарды. Ибрагим әріптесіміздің одан кейінгі өмір жолы мен қызметінің барлығы Жезқазған өңірінде өтті десек болады. Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» газетінде істеген жылдарында қалам қарымымен оқырман қауымға кеңінен танылды. С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалы-драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, көркемдік кеңес мүшесі ретінде қаладағы мәдениет пен өнердің өркен жаюына да өзіндік қомақты үлесін қосты. Алматыға қоныс аударар алдында 2010-2011 жылдары «Орталық Қазақстан» газетінде экономика-өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі болып абыройлы еңбек етті.

Ибрагим атақты Сыр сұлейі Тұрымбет Салқынбайұлының туған немересі болатын. Ол атасының әдеби мұраларын жинақтап, әрі толықтырып, оларды әйгілі жыраудың 125-140, 150 жылдық мерейтойларына орай «Талайды таңырақтан жырау едім» (1993), «Атаңдым жас күнімнен бала жырау» (2008), «Жүйрігі едім халықтың» (2018) атты кітаптарын жарыққа шығарды. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі И.Бекмаханұлы шығармашылықпен белсене айналысып, өзінің ақындық және қаламгерлік қуатын барынша танытты. Оның әр жылдарда жарық көрген «Шапағат», «Сағымсары», «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сөз», «Жүрегімің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүректегі ырақтар», «Сырдария-Ұлытау» атты поэзиялық, «Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария көңіл, тау мүсіні», «Дария-ғұмыр», «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр», «Қарсақбайлық қайсар ұл», «Бекзат ғұмыр», «Кенжалы би» атты прозалық және «Жалмауызға да жан керек» атты сатиралық кітаптары қаламгердің үнемі белсенді еңбек етіп, ізденіс үстінде болғанын көрсетеді. Шығармаларының дені Жезқазған, Ұлытау, Сыр, Қорқыт Ата, Қармақшы өңірлерінің қадір-қасиетін, сондай-ақ, белгілі тұлғаларын жырауға арналған. Республикалық ақындар мұшайрасының бірнеше дүркін жүлделері, баспасөздегі үздік еңбегі үшін Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасымен және «ҚР Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, Жезқазған қаласы, Қарағанды облысы әкімдері мен мәслихаттарының Құрмет грамоталарымен және Алғы хаттарымен марапатталған.

Қыр мен Сырдың абзал перзентіне айналып, абыройлы өмір сүрген Ибрагим Бекмаханұлының ақжүрек азамат ретіндегі жарқын бейнесі оны білетіндердің есінде мәңгі сақталады. Әріптесіміздің отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Марқұмның алды пейіш, арты кеніш болып, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

«Saryarqa» газеті редакциясының ұжымы мен әріптестері

Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетінің редакция ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, журналист, аудармашы, Жезқазған баспасөзінің дамуына ерекше үлес қосқан қаламгер

Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫНЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, жақындарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалы-драма театрының ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, журналист

Ибрагим БЕКМАХАНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ардақты ағамыз **Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанын жанымызға қатты бағты. Аман нешік?! Ағаның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамын. Мәңгілік мекені жұмақтан бұйырсын!

Райхан СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
Қарағанды қаласы.

БАҚҰЛ БОЛ, АСЫЛ ДОС!

Ойда жоқта Ибрагим дос та бұл жалғанды тәркі еткені ме?! «Әкемізден айрылып қалдық» деген Ерлан баласының жеткізген суық хабары төбеден жай түскендей әсер етті. Әуелде ауызға сөз түспей, есеңгіреп қалдық. Әп-сәтте аңқылдап жүрген ақжүрек азамат, адал дос Ибрагиммен бірге жүрген кездеріміз көз алдыға біртіндеп келгендей болды. Жастық шақтың жақсы күндерінің біразын бірге өткізген едік.

Торғай облысы жабылған сонау 1987 жылдары Жезқазғанға келгеннен бастап Ибрагиммен жақын араласып, достасып кеттік. Газетте қатар жүріп еңбек еттік. Бір-бірімізді бағалап, сыйластықта болдық. Өзім деген жанға қолынан келген көмегін аямайтын мәрт мінезді еді. Жақсы араласқан дос-жарандары да көп болды. Аяулы жары Мәкештің жайған ақ дастарханынан да талай рет дәм татып, қызық-қуаныштарды бірге бөліскен кез аз емес-ті.

Әуелде Қарағандыға, кейіннен Алматыға қоныс аударғанмен осы қарым-қатынасымыз үзіле қоймаған еді. Хабарласып тұрдық. Кейінгі жылдары әртүрлі сырқаттар айналырып жүргенімен Ыбекең ол туралы онша айта бермейтін. Еңсесін жоғары ұстап, ең әуелі өзінің шығармашылық жұмыстары туралы әңгіме қозғайтын.

Соңғы рет қаңтар айының аяғында хабарласқан едік телефонмен. Стамбулға келгендеріңді, университет ауруханасына жатқаныңды айтқан болатынсың. Екі-үш күнде операция жасамашы екен. Сұраған жандарға тегіс сөлем айттың. Бұлай боларын кім білген, сауығып аман-есен ортаға оралады деп ойладық. Бұдан оншақты күн өткен соң телефонмен хабарласа алмай, уатсапка жазып хал сұрасқанымда жауап болмады. Онда да көңілге жанашылық келмеді. Сырқат адамның жауап жазуға мүмкіндігі келмеген шығар деп ойлағам. Бұған

дейін де жанға бата бірз дертке мойынұсынбай, жігеріңді жанып, рухыңды жоғары ұстаушы едің. «Ауырып жүрмін» деген сөзді де ауызға көп ала бермейтін ең. Осы жолы да ота жасатуға аттанарда алдағы 70 жасқа келу қарсаңында қолға алып, дайындап жатқан кітабыңның жайын айттың. «Мен туралы жазатыныңды ыңғайлай бер, осы жинаққа енгізейік» деген едің. Максатың биік, ой-жоспарларың көп еді. Тағдырдың жазуына не шара, өлшеулі уақыт оған жеткізбеді. Жетпістің желкенін кереңіңде ақтарыла жазар айшықты мақала орнына азінама жазам деп кім ойлаған.

Бақұл бол, асыл дос, абзал азамат! Алла алдынан жарылқасын, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!

Амандық РАХҰЛЫ

Бес күндік жалған дүниені артта қалдырып Ибрагим Бекмаханов аға бақиға аттаныпты. Қаралы хабарды естігенде ойға өткен күндер тізбектеліп келе қалатыны бар. Ибрагим аға Жезқазған-Ұлытау аймағының әдебиеті мен мәдениетіне өзіндік қолтаңбасын қалдырған азамат еді.

1988 жылдың жаз айы. Облыстық «Жезқазған туы» («Сарыарқа») газетіне Торғай облыстық газетінен ауысып, Ибрагим Бекмаханов ағамыз қызметке келді. Танертенгілік жылында редакторымыз Сабыр Сауытбаев журналистерге жаңадан келген әріптесімізді таныстырды. Мир көшесі, 13-үйдегі гимараттың екінші қабатындағы редакцияның кең бөлмесінің бірінде әдебиет пен мәдениет бөлімі және насихат бөлімінің қызметкерлері бірге отырушы еді. Ибрагим аға насихат бөліміне тілші болып орналасты. Көпшіл жан екен, жаңа орынды жатысмай бірден редакция қызметкерлерімен тіл табысып кетті. Өзіме қатты әсер еткені жаңа әріптесіміздің үйінің жағдайын ойлап, алаңдайтыны, отбасын қатты бағалайтындығы болды. Күнбе-күн қалаларық байланыс арқылы Торғайда қалған отбасымен сөйлесіп, жағдайын біліп жатады. Бір кабинетте отырған соң ағаның Торғайдағылармен сөйлескенін естіп отырамыз. Солай жүріп жаңа әріптесіміздің келіншегінің аты Мәкеш екенін, төрт жасар Ерлан атты кішкентай ұлы барын біліп алдық. Көп ұзамай Мәкеш жемегізді, балаларын Жезқазғанға көшіріп алып, ағамыздың көңілі жай тапты-ау, әйтеуір.

Ол кісі кейінірек басқа бөлімге орын ауысты. Редакцияның біраз бөлімінде өнімді еңбек етті. Салған беттен ағамыз қаламының қарымын танытып, өндірте жазу қабілетімен көзге түсті. Жазғанда да өзіне тапсы-

ЖАҚСЫ АҒА

рылған дүниені көп созбаққа салмай дер кезінде тындырып тастайтын қасиетімен танылды. Редакцияның таусылмайтын қат-қабат тапсырмасымен әуреленіп жүріп те өзінің шығармашылығын ұмыт қалдырмайтын еді. Облыстық газет бетінде Ибрагим Бекмахановтың өлеңдері, очерктері, эзіл-сықақтары жиі-жиі жарияланып жататын. Қатар жүрген қаламдастарды бір тәңгі етіп тастаған еңбегі атасы Тұрымбет жыраудың өлең-жырларын құрастырып, Алматыдан кітап қылып шығарып әкелгені болып еді. Ол кітапқа өз қолтаңбасын қалдырып, әрқайсысымызға үлестіргені де есімізде қалды. Қоғам өмірінде болып жататын ірілі-ұсақты оқиғаларды назардан тыс қалдырмай дер кезінде үң қосып отыру Ибрагим аға бойындағы қасиеттің бір парасы еді. Жезқазған жерінде ол бірнеше мүшәйралардың жеңімпазы атанды, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасындағы байқауларда жүлделер болды. Көптеген кітаптарын жарыққа шығарды. Оның шығармашылығына қарапайым еңбек адамдары, әртүрлі саланы мамандары арқау болды.

Қолынан қаламы түспейтін қаламгер сол жанкешті шығармашылық еңбегінің арқасында Жезқазған жұртының белгілі, қадірлі азаматына айналды. Редакциядағы жұмысымен қатар Серке Қожамқұлов атындағы театр ұжымымен тығыз байланыста болды. Театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі қызметін көп жылдар қосымша атқарып жүрді. Өзі де сахна шеберлеріне ілесіп, кейбір ролдерді ойнаған кездері де есте. Театр қызметкерлерімен қоян-қолтық жүрген сол бір

шактардың белгісі ретінде театрдың тыныс-тіршілігіне арналған «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр» атты кітабын жазып, оқырманға ұсынды. Жетістің алпыс жылдығы тойланатын жыл болатын. Сол жылы аға тапсырыспен жезқазғандық соғыс ардагерлері туралы кітап жазуды қолға алды. Мамыр айында әлгі кітапты дайындап, жарыққа шығарды. Күнде кітапқа шыққан ардагерлердің балалары, туған-туыстары келіп, әлгі кітапты әкеліп жатады. Олардың әрқайсысын шығарып салып Ибрагим аға жүреді. Бұл кезде біздің аймақтық «Сарыарқа» газеті деп аталатын болған. Бұрынғы көп жыл отырған Мир көшесі 13-үйдегі орнымыздан айырылып, қалалық әкімдіктің төрт-бес бөлмесінде отырамыз. Бір сөзбен айтқанда жағдай мез емес, жалақыны айлап алмай жүретін уақыт. Көңілдерін бір көтеріп қояйын дей ме есепші Бәтима апамыз әр ай аяқталғанда сол айдағы жалақы, гонорарымызды және алашақ қаражатымыз көрсетілген түбіртеккі таратып берді. Бірде сол әдетімен түбіртеккі таратты. Мен кабинетте номерге кететін материалдарды тексеріп, іріктеп отырғанмын. Кабинетке Ибрагим аға кірді. Столдың бір шетінде жатқан түбіртекке көзі түскен аға:

– Түбіртек келіп қалыпты ғой. Мен әлі көрген жоқпын. Сырттан келдім. Осы мен ұялып жүрмін, – деді ойлана қарап.

– Не болып қалды, аға? – дедім басымды алдымдағы қағаздан жұлып алып.

– Жеті-сегіз ай болды, айлық алуды ұмыттық. Ер азаматтың ай сайын жалақысын қолға алып, үйге кірген-

де «жалақы алдық» деп ақшаны тастай салмағанының өзі қиындау екен. Осыған қарамай ұялып жүрмін...

– Аға, бұгін-ертең жалақы қолға тимейтін сияқты. Өзірің Мәкеш жеңгейдің қолына мына тапсырыспен жазылған кітаптың ақшасын ұстата тұрыңыз. Келесі айда ақша алмасақ, Бәтима Сейілбекқызы әкелген түбіртеккі үйге алып барыңыз. «Міне, ақша жиналып жатыр» деп жеңгейдің алдына тастай салыңыз...

Менің айтқандарыма аузым ашып қарап қалған аға бір кезде:

– Мынау менің ойыма келмеген шаруа ғой. Шынында да солай жасуым керек екен, – деді әп-сәтте көңілденіп, риясыз көңілмен ақтарыла күліп.

Ақсөңіл, аңғалдау адамның көңілін бір көтеріп тастағаныма мәз болып мен отырмын. Сырт көзге сұстылау болып көрінетін Ибрагим ағаның осы аңғал мінезі өзіне жарасып тұратын.

Ол кісіні өз басым сол алғашқы танысқан сәттен бастап атын атамай «Аға» деп кеттім. Аға дегенді ол қатты ұнатуды еді. Сол атқа лайықты болып көрінуге тырысатын. Жауапты хатшы болып жүрген уақытында кейде бір шаруамен асығыс кетіп бара жатып, қолдағы материалдарымды тапсырып кететін-мін. Жай кетпей:

– Аға, қалған шаруаны өзіңіз реттейсіз ғой, – дегенде:

– Бара бер, өзім реттеймін ғой, – дейтін мағұрланып.

Кісілігі жоғары, адамгершілігі мол жақсы аға осындай қасиеттерімен есте қалды. Күні кеше қатарлас қалам ұстап жүрген әріптесті өлкені шақпен еске алу өкінішті-ақ. Алдың пейіш, артың кеніш, топырағың торқа болсын деген дұға-тілектен басқа қолдан енді ештеңе де келмейді.

Сара СМАҒҰЛ

ЖАҚСЫЛАРДЫҢ БІРІ АЗАЙДЫ ЖЕРДЕГІ...

Алматыдан тағы да қаралы хабар келді. Ибрагим Бекмаханұлының өмірден өткенін жеткізді суық хабар.

Ол Қызылорданың Қармақшысының тумасы еді. Атақты Тұрымбет жыраудың тұяғы еді. Тұла бойы тұнып тұрған талант еді. Ақын, журналист, аудармашы...

Оның журналистік жолы Қармақшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетінде басталды. Кейін Торғай облыстық «Торғай таңы» газетінде жалғасты. 1980 жылдардың соңына таман ол Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газетіне келді. Оның ізін ала мен де Жезқазғанға келдім. Біздің жолымыз сөйтіп, Сарыарқада түйісті. Ағалы-інілі бауырларға айналдық. Ыбекең көптеген жақсы ағалармен танысуға дәнекер болды.

Жезқазған облысы тараған соң Қарағандыға, одан Алматыға қоныс аударғанмен ара қатынас, байланыс үзілген жоқ. Ең соңғы рет былтырғы жазда Жезқазғанда жүздесіп едік. Ал, телефонмен апта салып сөйлесіп тұратынбыз. Кейінгі кездері телефон көтермеді. Мәкеш тәтем Түркияда, ота жасатып жатқанын айтты. Шүкір жақсы деген. Осыдан үш күн бұрын тағы да телефон соққанмын, көтермеген. Жаманға жорі қоймаған едім...

Бақұл бол, Ыбеке!
Бұл ағам да ірілердің бірі еді, Сыр мен Қырағ ортақ өскен ұл еді. Жетпісіне енді жете бергенде, Стамбулда кілт тоқтады жүрегі.

Талай сыңға төтеп берген ер еді, Сынақтарға сынған жері жоқ еді. Көз, жүрекке, бүйрекке ота жасатып, Арпалысқан сәттері де көп еді.

Мұның бәрін... жанып-жанып жігерін, Өмір үшін күресу деп білетін. Қиналысын айналаға сездірмей, Уайымсыз жандай болып жүретін.

Жаратқанның жазуына шек бар ма? Атақтылар кетіп жатқан ақпанда, Оңаламын – деп ойлап ед отадан, Аман нешік, түсірді ажал қақпанға.

Бінікті аңсап өскен ғұл ғой әуелден. Бүгіннен бір сәйкестік көрем мен. Түркияда демі үзіліп, рухы Туған жерге ұшып жетті әуемен!

Ақын болды жырдан сарай салдырып. Адам болды жақсы атын қалдырып. Жаксылардың бірі азайды Жердегі... Аспан жаққа кетті Ағам мәңгілік!

Абдолла ДАСТАНОВ

ҚОШ БОЛ, ҚИМАСЫМ!

1980 жылдардың аяғында Ибрагиммен «Жезқазған туы» газетінің редакциясында жолығып бірден ескі таныстардай шүйірлесек кеттік. Ол маған бір бума өлеңдерін көрсетіп, мен де өз апарғандарымды оқып мәре-сәре болып қалғанбыз. 2000 жылы менің «Думаным ұласып гасырға» атты жыр жинағым жарық көргенде кітаптың алғысөзін Ғалым Жайлыбай жазып, редакторы Ибрагим болды. Талай-талай жыр кештерін бірге өткізіп, сахнадан жыр төккен шабытты ақын, қаламдас дос, жанашыр жолдас еді. Соңғы рет 2018 жылы Алматыда, Қазақстан Жазушыларының XVIII съезінде жолығып едік. Асыл азамат, ақын досымызды қара жер қойнына алды дегенге сене алар емеспіз.

Жылтушы еді жүректерді жырларын, Жанарыңнан жарқылдайтын нұрлы ағын, Санқ-санқ етіп сахнаның төрінен, Көз алдымда өлең оқып тұрғаның.

Құйылатын көмекейден өрт өлең, Ақындардың айықпайтын дерті өлең. Суық сөзге сенбей тұрмын мен әлі, Қайран ғұмыр осыншама келте ме ең?

Қара үзді ме қара өлеңнің дүлдүлі, Хабаршының естіледі мұңды үні. Қимасымды қойнына алды тағы бір, Қара жердің қашан тояр ындыны?!

Жүріп өтті, ғажап ғұмыр,жарқын жол, Қарапайым қазғымның ақыны ол, Өшпес мұраң ел жұртыңа аманат, Абзал ақын, аяулы дос, бақұл бол!

Мұса ТЛЕУОВ

АҢҚЫЛДАҒАН АҒА ЕДІ

Тағы бір ардақты жан, тағы бір асыл азамат дүниеден өтті. «Журналист, ақын, сатирик Ибрагим Бекмаханов бақилық болыпты» деген суық хабар жанымды қарып өтті. Ойыма ақын ағамның ойлы өлеңінің бір шумағы оралды.

Не сыйлайды маңдайға алдағы күн, Жанымды жетпей жеп, арбады мұң. Жол жатыр арқандай бір шұбатылып Көмескі іздері бар, тармағы мың.

Шумақты іштей қайталап: «Маңдайына жазылған ғұмырдың келтелігін ойлап, алда жүрер жолының да шамаланып қалғанын сезіп жазды ма екен мына өлең жолдарын», – деген ойға қалдым. Кім білсін?

Өткен Тәуелсіздік мерекесі күні уатсапка жазған хатын алғанмын. Онда: «Ғазиз, келесі жылдың маусымында мына жаман ағам Жетпіс асуға көтерілмек. Сол датаға орай естеліктер кітабын шығарудың дайындығы үстідемін. Соған үлесінді қосады деп білем», – деп жазып еді. Іле-шала: «Ағамға бір дерт жабысып еді, Түркияға барып соны емдетіп келемін. Келген соң сол жинаққа кірісемін», – деп алдағы жоспарым да айтып берген болатын. Лауқыл-Мақпұзға түскен Жазу ол күнге жеткізбеді.

Ибрагим аға – қаламы қарымды, жүйрік журналист еді. «Жезқазған туы» газетінде бір бөлімде еңбек етті. Аға-інідей сыйласып өттік.

Ибрагим аға ақын еді. Жұмыс үстелінің басында ешкіммен сөйлеспей, шұқшын көп отырып қалған сәтін көріп «өлең жазып отыр-ау» деп тошылайтынмын. Көп ұзамай: «Нүктесін жаңа қойдым, мына бір дүниені тыңдап көрші», – деп тау өзеніндегі гүрлідей желкелетін даусымын өлеңін оқытын. Ол даусы құлағымда. Шабыт буып, сермеп-сермеп қалатын қолының қимылы да көз алдымда.

Ибрагим аға – Сыр сұлейінің бірі Салқынбайұлы Тұрымбеттің ұрпағы еді. Даңқты атасының туғанына 150 жыл толуына орай «Сырдария-Ұлытау» деген кітабын тарту етіп еді. Қуанышым бөлісіп, хабарласқан. Дауысында жарқыл бар еді.

Ибрагим аға – сырт тұрпаты сұстылау, салқындау көрінгенімен, ішкі әлемі жазира-жайлау жан еді. Аңқылдақ аға болатын. Міне, сол сегіз қырлы ағадан көз жазып қалдық. Өлшеулі өмір деген осы. «Жазға қарай Жезқазғанға барып, жыр кешін өткізем бе деп отырмын, өздерің ұйытқы боласыңдар ғой», – дегені де бар еді. Жетпісін жеткізбеді, аға. Бірақ сенің асақ тұлған, аңқылдақ мінезің, қаламыңнан шыққан дүниелерің, ет пен сүйектен жаратылған адам баласының бәріне тән «тармағы мың» жолдарың, сол жолмен шыққан бініктерің жандымызға. Сізбен бірге жүрген жақсы күндер ұмытылмайды. Бір өлеңіңде:

Қайыспай бәріне көнемін Кіршіксіз арыма сенемін. Ей, өмір, сүріндір, жық мейлі Адам боп бір рет өлемін, – деп едің. Сол сертінде тұрдың, абзал аға.

Ақирет күнінде Алланың дидарын көру нәсіп болсын. Алдынан сегіз жұмақтың қақпасы ашылғай.

Ғазиз ЕШТАНАЕВ,
қаламгер бауыры

DUSENBI

1 NAURYZ

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ
QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:20 «Masele».

ХАБАР
6:00 Концерт «Шанара» /АНК/. 8:00 Д/ф «Бросить вызов судьбе».

SEISENBI

2 NAURYZ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «Жүректелгі көктеме». Нұрлан Онербаев. 8:00 Д/ф «Бросить вызов судьбе».

SARSENBI

3 NAURYZ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 Әсем әуен. 6:45 «Назар» тобының шығармашылық кеші.

BEISENBI

4 NAURYZ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «Сағандардың, Сыр қазы!» концерті. 8:00 Д/ф «Время действий».

JUMA

5 NAURYZ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «Шанарқы шырақшалықтары» концерті. 8:00 Д/ф «Время действий».

SENBI

6 NAURYZ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:30 «Ғасырлар үні».

ХАБАР
6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 «Ана қадір». Еркін Нұржанов.

JEKSENBI

7 NAURYZ

QAZAQSTAN
6:05 «Анамды тәлеймін». К/ф. 8:00 «QASAYYT».

ХАБАР
6:00 «Олжалы отбасы». 6:30 «Ана қадір». Еркін Нұржанов.

20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Басанаға бағыт».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм.

КТК
07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 07:25 «МӨССАҒАНКЗ».

«Әсем әуен». 0:30 «Teleport».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм.

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ».

«Teleport». 1:30 Көрімдік.

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм.

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ».

23:30 «Әсем әуен». 0:30 «Teleport».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм.

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ».

да я жолда». 23:30 «Әсем әуен». 0:30 «Teleport».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 Союзмультфильм.

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАНАЛЫҚТАР. 07:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ».

ен». Мерекелік ән жинағы. 16:15 Димах Құдайбергеновтің Кіші қаласында өткен жеке концерті.

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер».

КТК
07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН». 08:00 «ҮЛКЕН ҮЙІ». 08:50 «КЫЗ ҚЫЛЫҒЫ».

концерті. 18:30 «Мәжіліс.kz».

6:00 Қаламгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь».

КТК
07:05 «ОНЕРЛІ ОТБАСЫ». 08:00 «ҮГІЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА».

6:00 Каламгер. 6:30 «Үздік әзілдер». 8:00 М/ф «Маша и медведь».

КТК
07:05 «ОНЕРЛІ ОТБАСЫ». 08:00 «ҮГІЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА».

ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ».

7-АРНА
06:00 «Құярдақ». 06:50 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Гороскоп» 08:05 Документальный фильм. 09:00 Мультфильм.

04:20 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТИСТІГІ».

7-АРНА
06:00 «Құярдақ». 06:50 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

«ТОЙ BESTSTAR».

7-АРНА
06:00 «Құярдақ». 06:50 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

«ТОЙ BESTSTAR».

7-АРНА
06:00 «Құярдақ». 06:50 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21:40 «ПОЧТИ СЕМЕЙНЫЙ ДЕТЕКТИВ».

7-АРНА
06:00 «Құярдақ». 06:50 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

ДЕНЬ». 01:40 «ШЕЛЕСТ». 02:30 «ТҮНШЫ ӨЖЕ».

7-АРНА
06:00 «Гу-гулет». 08:00 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Дидар». 08:30 «Гороскоп».

СӨЗІ». 04:00 «ОНЕРЛІ ОТБАСЫ».

7-АРНА
06:00 «Гу-гулет». 08:00 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Гороскоп».

7-АРНА
06:00 «Гу-гулет». 08:00 «Айна-online».

ДИДАР
08:00 «Дидар».

но». 20:30 «Дидар». 21:00 «Сәлем». 1:30 Фильм «Семнадцать мгновений весны».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сернал. 10:00 Новости т/к «Ақша».

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

«Сәлем». 21:30 Фильм «Семнадцать мгновений весны».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сернал. 10:00 Новости т/к «Ақша».

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

20:30 «Дидар». 21:00 «Сәлем».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сернал. 10:00 Новости т/к «Ақша».

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

«Семнадцать мгновений весны».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сернал. 10:00 Новости т/к «Ақша».

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

20:30 «Дидар». 21:00 «Сәлем».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Сернал. 10:00 Новости т/к «Ақша».

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

19:45 «Жеруығым-Жезқазған».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Готовим с Адели. 10:05 Мультфильм.

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:20 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

К/ф «Мәңшүк туралы дастан». 22:00 Фильм «Девчата».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Готовим с Адели. 10:00 Мультфильм.

31-АРНА
06:00 Ризаман. 06:40 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

Г/ф «Мәңшүк туралы дастан». 22:00 Фильм «Девчата».

ЕСКЕ АЛУ

Әміржан Смағұлұлы СМАҒҰЛОВ



2021 жылдың 18 қаңтарында Ұлытау ауданының тұмасы Әміржан (Әміртай) Смағұлұлы Смағұлов 86 жасында дүниеден озды.

Әміржан Смағұлов 1935 жылы Ұлытау ауданына қарасты Желдіарды елді-мекенінде дүниеге келген. 1954 жылы Қарағанды медициналық институтына оқуға түсіп, оны 1960 жылы емдеу ісі мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын 1960 жылы Қарағанды қаласының №1 клиникалық ауруханасында дәрігер (терапевт) болып бастады. Әміржан Смағұлұлы 1964-1970 жылдар аралығында облыстық ауруханада дәрігерлік қызметін жалғастырып, Қарағанды мен Жезқазған аймағындағы көмір мен мыс өндіретін шахталарда еңбек етіп жүрген мыңдаған шахтердің денсаулығын қадағалай жүріп, олардың кәсіптік аурулардың алдын алуға өлеусіз үлесін қосты.

1973 жылы жаңадан ашылған Жезқазған облысына қызметке ауысып облыстық ауруханада, қан құю стансасында басшылық қызметтерді абдыраймен атқарды. Оның жаңадан ашылған облыстық медицина саласының дамуына қосқан үлесі қомақты.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келген Әміржан Смағұлұлы ересек аға-өпкелерімен бірге еңбекке ерте араласты. Жұмыс тапаламай, бел жазбай еткен еңбегі бағаланып, тыл ардагері құрметіне неболды.

Басы ауырып, балтыры сыздағандардың дертіне дауа іздеген Әміржан ағамыз жастарға дұрыс бағыт беріп, үлгі көрсетуден таймағаны тағы бар. Ақ жарқын мінезі мен бауырмалдығы арқасында өз ортасында сый-құрметке бөленді. Үлкенге ізет, кішіге ақылшы әкедей, қамқор ағайдай болса білген Әміржан Смағұловтың жарқын бейнесі мен ерен еңбегі ұрпағының мәңгі есінде.

Сағына еске алушылар: туған-туыстары



ЖАЛҒАН ХАБАРЛАМАЛАР ТАРАП ЖАТҚАНЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕДІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде алаяқтар тарапынан телефон шабуылдарына қатысты жалған ақпарат таратылып жатқаны туралы хабарлайды. Олар өздерін зейнетақы қорының қызметкерлері ретінде таныстырып, банк картасының нөмірін білуге тырысады және зейнетақыны қайта есептеу керек деген желеумен оның деректемелерін атауды сұрайды.

БЖЗК мұндай спам-жіберілімнің Ресей Федерациясында бірнеше ай бойы жүзеге асырылғанын және қазақстандық жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ешқандай қатысы жоқ екенін анықтады.

БЖЗК кезекті рет осындай жіберілімдерді жүзеге асырмайтынын және телефон арқылы жеке деректер мен сідзін банктік қартаңдыздың деректерін сұрамайтынын хабарлайды.

Сондай-ақ, Қор бейтаныс сайттарға күдікті сідтемелер бойынша өттеуге кенес береді және ақпаратты тек еңрі.кz ресми сайтында немесе БЖЗК-ның әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында тексеруді сұрайды.

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК KСJВKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҰХАН

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті қозғарысы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында теріліп, беттелді. Қарағанды қаласында «Типография «Арқо» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №8. Газет ақпаратын бір рет – жұма күні шығады. Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.

100600, Жезқазған қаласы, Г.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@mail.ru whatsapp +7 708 420 18 88 Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.



ЖАНЫНДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ – ІСІНЕ АДАМДЫҚ



Ол бар саналы ғұмырын сонау жастық шағында жүрек қалауымен таңдаған бір ғана мамандыққа бағыштады. Өзі ісіне шынайы берілген ол ұзақ жылдар бойы уақытпен санаспай, бар ынта-жігерімен жұмыс істеді. Адамды алға жетелейтін де, оны көпшіліктің сенім-құрметіне бөлейтін де адал еңбек. Елеулі еңбегімен елінің ілтипаты мен ықыласына бөленді. Ойлап отырса, бір ғана денсаулық сақтау саласында 45 жылдан астам уақыт толасыз еңбек етіпті. Ел қатарлы еңбек демалысына да көп шыға қоймайтын. Маңдайына біткен несібесін туған жер топырағында теріп, қажымай-талмай адал еңбек еткен жарты ғасырға жуық жылдар ішінде Жезқазған өңірінің медицинасының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Адамдарға жүрегінің жылуын, қолының қуатын, жанға дауа шипасын сыйлады. Халыққа көрсеткен қалтқысыз қызметінің арқасында «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласының үздігі» құрметті атағын иеленді. Көп жылғы еңбегі республикалық, облыстық, қалалық денсаулық сақтау салалары басшыларының Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен, бағалы сыйлықтарымен жоғары бағаланды. Өмір жолы өнегелі істерге толы жоғарғы санатты білікті дәрігер-невропатолог, Жезқазған аймағының денсаулық сақтау саласының ардагері Мынжасар Жанбайұлы Жанбаев Гиппократ антына адалдығын халық денсаулығын қорғау жолында атқарған ізгілікті қадамдармен, адал еңбегімен дәлелдеді.

«Жетіқойыр» кеншарының тұмасы Мынжасар Жанбаев орта білімді Жезқазған қаласындағы №8 орта мектепте алды. Мектепте оқу озаты атанып, қатарластарынан бір адым болса да алда жүрген ауыл баласы мектепті бітірсемен арман қуып, Қарағандыға жол тартты. Еліміздің денсаулық сақтау саласына жыл сайын мыңдаған мықты мамандар даярлап, қанат қактырып жататын медицина институтына құжатын тапсырған. Бағы жанып, бірден түсіп кетті. Сөйтіп, бала кезден армандаған оқу орнының табалдырығын аттады.

1979 жылы институтты ойдағыдай аяқтап, қолына емдеуші-дәрігер мамандығының дипломын алған жас маман алғашқы еңбек жолын Жезді аудандық ауруханасында бастады. Институтта алған теориялық білімін күнделікті жұмыста жүзеге асыру, әрине оңай болған жоқ. Алайда, табиғатынан бойында табандылығы басым, ерік-жігері мол ол ауруханадағы байырық мамандардан көре-үйрене жүріп, мол тәжірибе жинақтады. Аудандық ауруханада невропатолог пен анестезиологтың міндеттерін қатар атқарған кездері де болды. Сол жылдары аудандық ауруханада жедел көмек көрсететін 8 орындық реанимация бөлімшесінің ашылуына жас маман Мынжасар Жанбайұлының да ықпалы болды десек артық айтқандық емес. Аудан орталығында үш жылдай еңбек еткен ол адам азғасын емдеп, сауықтырудың тың тәсілдерін меңгеріп, мол тәжірибе жинақтады.

Өзі ісіне мығым, талабы мен ізденісі мол жас маман 1982 жылы облыстық ауруханаға жұмысқа шақырылды. Бастапқыда невропатолог ретінде жұмысын жалғастырған Мынжасар Жанбайұлы көп ұзамай облыстық аурухана жанындағы консультативті емхананың меңгерушісі болып тағайындалды.

Ол кезде адамдардың сырқатының сырын анықтап, тиісті ем-домын жасау, егу-емдеу шараларын жүргізу өз алдына, өзі басқарып отырған емдеу мекемесінің ішкі жұмыстарын ұйымдастыру, емхана дәрігерлерінің халыққа сапалы көмек көрсетуін қадағалау сияқты қат-қабат жұмыстар тынымсыз жалғасын жататын. Консультативті емхана ұжымының міндеті тек қана Жезқазған қаласы халқына қызмет көрсету емес.

1997 жылы Жезқазған облысы жабылғаннан кейін Мынжасар Жанбайұлы еңбек жолын жалғастыра берген.

Сіздерге жеткізім келіп отыр. Сіздердің келісімдеріңізсіз екіп са-лыбайды, – деген «Мәкенбаева» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының қалалық емхана мен инфекциялық орталықтың дәрігерлері байланысқа шықты.

Адамзат ардақ тұтар қадірлі мамандық иесі Мынжасар Жанбайұлы – бүгінде 50 жылдан астам уақыт бір шаңырақ астында түтін түтетіп, тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан асыл жары Фатима Жанбаевамен бірге балалары мен немерелерінің қызық-қуанышына бөленіп отырған бақуатты ата. Фатима апай – сауда саласының маманы, экономист. Әскери оқуды бітірген ұлы Алматы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі департаменті бастығының орынбасары, Маңғыстау облысында еңбек етеді. Келіні Анар – «Қазмұнайғаз» акционерлік қоғамында бас есепші. Қызы Әлия – Нұрсұлтан қаласындағы Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталықта бас маркетолог. Балаларынан өрбеген Жібек, Илья, Көркем, Дәмелі, Жалғас, Жарас атты немерелері – атасы мен әжесінің көз қуанышы.

Ақ халатты абзал жан, медицина ардагері Мынжасар Жанбайұлы Жанбаев бүгінде 70 жасқа толып отыр. Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатқан еңбек ардагері болмысынан байыпты мінезіне салып, дүркіретіп той жасатпады. Бүгінгі күн талабынан аспай ет жақын туғандарын, достарының басын қосты. Жетіқойыр құмында құлын тайдай тебісіп бірге өскен досы, ұлағатты ұстаз Қабден Әбілқайыровтың ақ тілегі осынау өлең жолдарымен өрнектеліпті:

Мыңтай, саған мен бұрайын жыр басын, Жастайымын бірге өскен сырласым. Жора-жолдас, жақындарды шақырған, Қуанышыңды әмбелер қолдасын. Талғам талай өзгерсе де басында, Өке ақылы биік тұрды басында. Мамандық пен қалыңдықты таңдауда, Жансақ басқан жерің жоқ қой расында. Алыс-жақын қатынасты үзбейсің, Бас тіреген мұқтаж жанға көлдеісің. Кейде достар хабарласпай қалса егер, Тағат таппай телефонмен іздейсің. Жетпіс жасын құтты болсын, жан досым, Сені ерекше жақсы көрем өз басым. Қайынаға деп қанша құрақ ұшсам да, Биік тұрар достығымыз тозбасын!

Парасаты мен пайымы мол тұлғалы азамат Мынжасар Жанбайұлының халық денсаулығын қорғау жолында жарты ғасырға жуық атқарған адал еңбегі, өнегелі өмір жолы дәрігер мамандығын мансұқ еткен жастарға үлгі-өнеге.

Сәуле НҮРЕКЕНОВА, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

COVID-19

Бүгінгі күн тәртібінен ауыспай тұрған маңызды мәселенің бірі – коронавирус. Алғашқыда құлағымызға түрпідей тиген бұл ұғым қазір жалпақ жұртқа әйте таныс. Бұл індет туралы айтқанда одан аман болудың негізгі амалы – сақтану ғана екенін жақсы білеміз. Десе де, сақтықты жәй естен шығарып алып жематтыңмыз тым өкінішті...

ПАНДЕМИЯНЫ ЖЕҢУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Шындығында, қазір аурудан сақтануды ұмытамыз деу – ақымақтық. Өйткені ешкім де сақтануды ұмытпайды. Тек өз денсаулығына бей-жай қарауды қоймайды. Жалпы денсаулықтың қадірін қай кезде де кеш ұғынып жатамыз. Бұл да ішкі жауапкершіліктің жоқтығынан болар. Десе де өзінді қорғамасаң да, айналдағыларды, жақындарыңды, яғни солардың денсаулығына асқан жауапкершілікпен қарағанымыз жөн.

Жақында мынадай бір оқиға болды. Көрші Сәтбаев қаласында жақынымыз дүниеден өтті. Ауру себебі коронавирус болмағандықтан, марқұмның жақындарына көңіл айтып барғанды жөн көрдік. Қарағандыдан да таныс-туғандар келді. Соларды ертіп, марқұмның үйіне жол тарттық. Барған соң барлығымыз қайғысына ортақтасып, марқұмның жақындарына көңіл айттық. Қарағандыдан келген ерлі-зайыпты қонақтардың зайыбы барып, жылаған жақындарын құшақтап, басу айтты. Бұл, расында, жалпы қазақ әйелдеріне тән қасиет екенін білеміз. Дегенмен, қайтар жолда көлік ішінде әлгі келіншектің жұбайы одан «Жана барған үйдегі жылап отырған әйелдермен жеке таныс па едің?» деп сұрады. Ол танымайтынын, қайыры болсын айтып, жұбатпақ ниетін білдірді. Сол сәтте күйеуі мына заманда бұл әрекетінің дұрыс емесін айтты. «Сен оқыған медиститутты мен де бітіріп шыққанмын» деп тарс еткізген келіннің сөзіне ініміз жауап қайырмады. Жұрт алдында салғыласуды жөн көрмеген болар. Сырт көзге бұл жайт ініміздің ерек кіндікке тән жөнсіз қызғанышы ретінде көрінуі мүмкін. Дегенмен, бұл оқиға маған үлкен ой салды. Мен әлгі інішектің Құдай қосқан жарына жаны ашығандықтан осылай деп отырғанын түсіндім. Ия, қазақ халқы бағзыдан үй мен ауыл, ауыл мен ауыл, ел мен ел арасына шектеу қоймаған, шекара салмаған жұрт. Дегенмен замандар өтті. Адам мен адам арасындағы шекарадан аттамау деген түсінік пайда болды. Бүгінгі кезеңде бұл дұрыс деп ойлаймын. Жалпы танымдық шекарадан бөлек, әлеуметтік арақатынасты да қатаң ұстанатын халге жеттік. Аурудың бірден бір жұғу жолы – қарым-қатынас арқылы. Қазір

осы алшақтықты сақтау мәселесін тағы да естен шығарып алғандаймыз. Негізі Жезқазған жұрты ауру енді белең ала бастаған сәттерде және өткен жылдың қараша-желтоқсан айларында барынша сақтануға тырысты. Жиын-тойларға тыйым салынғандықтан барлығы үйде болды. Көбінің жұмыстары тоқтап қалды. Осы тұстарда халық азық-түлік дүкендері мен дәрханаларға да асқан сақтықпен кіріп, масканы былай қойғанда қолдарынан медициналық қолғап пен антисептиктерін тастамады. Қазір соның бәрін ұмытып кеткендей. Кісі қарасы қалың болатын түрлі қоғамдық орындарда, қоғамдық көліктерде кілең сығылысқан халық. Олардың маска таққан, тақпағанын қадағалап жатқан ешкім жоқ. Көшедегі қақ ортасында беталды түкірініп-қақырынып жүрген жұрт. Бұл есерсоқтықты көріп, тіптен ашуың келеді. Тұрғындарда ішкі мәдениеттің жоқтығына наланыс.

Біреуге ақыл айту үшін сол әрекетті өзін істеп жүрсің бе деген ой келері сөзсіз. Қазіргі уақытта үйде өтіп жатқан той-томалақ, құдайы дегендерге барудың қажеті жоқ. Жас келген сайын адам қауқылдасатын құрдастарын, ағынан жарылып сөйлесетін замандастарын, көпшілік ортаны анап тұрады. Дегенмен оның заманы өтті. Өзіңді ойла-масаң да, үйдегі бала-шағаны ойлау қажет. Бәрінен маңыздысы – отбасының амандығы.

Балаларымыз бастап жүрген жеріміз бұл аурумен ойнауға болмайтынын, барынша сақтану қажетін айтып жүреміз. Сабаққа баратын немерелеріміз масканы тағып, қолына ауыстыратын артық маскаралары мен антисептигін ұстатып, бар ақыл-кеңісінді айтып жіберіп отырамын. Қазір аты жаман ауруға қарсы вакцина да ойлап табылды. Егіліп жатыр. Не де болса, арты жақсы боларына, біз күткен жарқын, алансыз күн келеріне сенемін. Қазақтың басынан не өтпеді. Ұлы Даланың ұрпақтары ауруды да, жұтты да, соғыс пен қырғынды да бастарынан өткерді. Бұл қиындықты да бірлесіп жеңеріміз анық. Жақсылықтан күдер үзілмесін!

Аманбек МҰҚАТАЕВ, Ішкі істер органдарының ардагері, отставкадағы полковник

ІНДЕТТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛЫНДА

түсіндіру жұмыстары жалғасуда

Жезқазғандық медицина саласының қызметкерлері тұрғындарды ақпараттандыру жұмыстарын әсте бәсеңдеткен жоқ. Әр медициналық ұжым күнбе-күн әлеуметтік желі арқылы коронавирус індетін алдын алу мақсатында тікелей эфирлер өткізуді дәстүрге айналдырды. Бұл аптада «Әбілдінова», «Мәкенбаева», «Қошымбаева» мен «Байменова», «Жүрек», «Тильман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының, қалалық емхана мен инфекциялық орталықтың дәрігерлері байланысқа шықты.

«Әбілдінова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері Әнуша Жұмашқызы желі қолданушыларының назарын коронавирус инфекциясының белгілеріне аударып, аурудың белгілері байқалған жағдайда науқастың әрекетін сипаттап берді.

Қазір эпидемиологиялық жағдай тұрақталды. Дегенмен, әлі де індет түп-тамырымен жойыла-мағандықтан, арқаны кенге салуға болмайды. Сондықтан, алдын алу шараларын қатаң ұстануға шақырамын. Тыныс алу ауруының белгілері болған кезде тек дәрігерлердің көмегіне жүгіну керек. Өз бетімен емханаға барып, айналаныңдағыларға жұқтырудың қажеті жоқ, дәрігерді үйге шақыру керек. Дәрігердің нұсқауынсыз дәрі-дәрмек қабылдауға болмайтынын ескерген жөн», – деген бас дәрігер корона-вирус адамның өкпе жолдарын зақымдайтынын, аурудың алғашқы белгілері дене қызуының көтерілуі, тынам ауруы, жөтелу, тыныс алудың қиындауынан басталатынын жеткізді. Аурудың белгілері шамамен 5 күннен кейін біліне бастайтын індеттің инкубациялық кезеңі 14 күнге дейін созылады.

Ақ халаттылар респираторлық инфекцияның айқын белгілері бар адамдармен байланысқа түспеу, көпшілік орындарға бармау, тыныс алу органдарын қорғау құралдарын пайдалану, түшкіру немесе жөтелу кезінде тыныс алу этикетін сақтау керектігін, сондай-ақ, мәдени іс-шараларға қатыспау, қол гигиенасын сақтау, оның ішінде адамдар көп

жиналатын орындарға барғаннан кейін жедел респираторлық вирустық аурудың белгілері болған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну қажеттігін ескертті де, ауруға қарсы салынатын вакцина турасында түсіндіріп кетті. – Коронавирусы инфекциясына қарсы вакцинация Ресейде шығарылатын «Sputnik V» вакцинасының көмегімен жүзеге асырылады. Коронавирустық вакцинаны екі кезеңмен 21 күн аралығында жасау міндетті. Оған себеп, бірінші доза антиденелердің аз мөлшерін өндіруге байланысты қысқамерзімді қорғаныс әсерін береді. Екінші доза біріншінің әсерін күшейтеді және адам ағзасындағы антиденелердің мөлшерін арттырады. Вакцина салдыру ерікті түрде жүргізілетінін

Сіздерге жеткізім келіп отыр. Сіздердің келісімдеріңізсіз екіп са-лыбайды, – деген «Мәкенбаева» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибедегі дәрігері Галина Плеубергенова екіп аяғы ауыр және емизулі балаларға бар аналарға және 18 жасқа толмаған балаларға салынбайтынын жеткізді. Індеттен сақтанудың бірден-бір жолы вакцина екенін түсіндірген дәрігер созылмалы аурулары бар науқастар мен жасы 60-тан асқан қала тұрғындары өз денсаулығына асқан жауапкершілікпен қараса деген тілегін жеткізді. Өйткені, аталған санаттағы тұрғындар індетке көп шалдығады да олардың айығып шығуы қиындық тудырады.

Бота ШАЛҚАР

Infographic with statistics: ВАКЦИНАЦИЯ ВАКЦИНАҒА БАҒЫНАТЫН ИНФЕКЦИЯЛАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ ТИІМДІ, ҮНЕМДІ ЖӘНЕ ҚОЛЖЕТІМДІ ЖАЛҒЫЗ ҚҰРАЛ. IMMUNDAU NƏTIЖЕСINDE CОҢҒЫ 20 ЖЫЛДА ҚАЗАҚСТАНДА АУРУ ДЕНГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ: ҚЫЗЫЛША - 56 еседен астам; ЭПИДЕМИЯЛЫҚ ПАРОТИТ - 119 еседен астам; «В» ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТ Тұрғындар арасында 34,7 есе, ал осы инфекция қарсы егілетін балалар арасында 262 есе (ВВГ-ға қарсы вакцинация 1998 жылдан бастап енгізілді). Қоғамдағы шалдыққандар саны трақты түрде төмен деңгейде, дифтерия, сіреспеңнің жөлеген жағдайы кездеседі. Қазақстанда тіркелген барлық вакцина (әрбір серия, партия) медициналық ұйымдарға түскенге дейін олардың қауіпсіздігі мен сапасын бағалаудан өтеді де, нарыққа тек тиімді және қауіпсіз вакциналар жіберіледі. © «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі, 2021 жыл Inform.kz